

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ

3-бет

АДАМ ЖАСАҒАН ІСІМЕН ҰЛЫ



6-бет

Жолдаудың жүгі салмақты

8-9 беттер

СТУДЕНТ БОЛДЫМ, МІНЕКЕУ

11-бет

Әдеби жазу дағдыларын дамыту

12-бет

ӘДЕБИ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН
ДАМУ

ОНЛАЙН ТРЕНИНГ
15.09.2020
САҒ: 15.00

Тренинг тренери – Мусина
Жансая Ғалымжанқызы
Айтыскер акын, 7-ші Алтын домбыра,
«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.
Мәдениет саласының үздігі,
М.Өтемісов атындағы БҚУ
қауымдастырылған профессоры

ZOOM платформасы
арқылы өтеді.
Семинардың идентификатор
номері: 968 887 7780
Пароль: 123456

Мерейлі мерекелеріңізбен, қадірлі ұстаздар!

Қазақ халқы қашанда ұстазды ерекше құрмет тұтып, бағалаған дана халықтың бірі. Ұстаздар жайында халқымыздың хас батыры Бауыржан Момышұлы өз сөзінде «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді, болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ әкелген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз» - деген болатын. Ендеше, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің бойына нұр сеуіп, өзінің уақытын аямай, өзгенің уақытын аялай білетін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

Баршаңызды мерекелеріңізбен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке-бірлік, шығармашылық табыс, еңбектеріңізге жеміс тілеймін!

Құрметпен, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры Нұрлан СЕРҒАЛИЕВ



«Жұбан» энциклопедиясы оқырманға жол тартты

Қазақтың көрнекті ақыны, қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдығына орай «Жұбан» энциклопедиясы жарық көрді. Аталмыш жинақтың тұсаукесер рәсімі Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрында оздырылды.

– Құрметті ағайын, бүгін «Жұбан» энциклопедиясы халықтың назарына ұсынылып отыр. Жинақты құрастыруда, зерттеуде М.Өтемісов атындағы БҚУ ғалымдарына сеніп тапсырған облыс басшылығына алғыс айтамын. Энциклопедия – грек тілінен аударғанда жинақы ойдың туындысы. Біз наурыз айынан бастап елдегі індетке байланысты эпидемиологиялық ахуал мүмкіндігімізді қысса да, соған мойымай, зор жауапкершілікпен кірістік. Жоспарымызда Жұбан ағамызға қатысты 300-ден астам тұлғаның есімін енгізу, 500-ден астам елді мекен атауы мен алуан еңбектердің мәліметтерін ұсыну, Жұбан ағаның екі мыңнан астам өлеңдерін талдап, үзіндісін беру болды. Энциклопедияны барынша нәтижелі шығарған секілдіміз. Бұл жинақты шығаруда М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың ректорынан бастап тік тұрып қызмет етті. Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұжымының да еңбегі еселі. Жаңа жинақты қолдарыңызға алып, көзайым болыңыздар, – деді педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Қыдыршаев.

Шара барысында зиялы қауым

өкілдері жаңа жинақтың құндылығын сөз етіп, жас ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесіне тоқталды. Солардың бірі ҚР Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет болатын.

– 100 жыл деген аз уақыт емес. Қазақ әдебиетінің классигі, Жұбан ағамыздың

ғасырлық мерейтойы қазіргі қысталаң заманға қарамастан Батыс Қазақстан облысында кеңінен аталып өтіп жатыр деп айтар едім. Бұл энциклопедиялық кітапта Жұбағанның көзі тірісінде жазған барлық шығармалары, замандастарының естеліктері түгел қамтылды.



Энциклопедияның шығарылуына қаржы бөліп, жобасын мақұлдаған облыс әкімдігіне, ізденіп, зерттеген профессор, педагогика ғылымдарының докторы Абат Қыдыршаев бастаған оқытушылар қауымына, материалмен қамтамасыз еткен Жұбан атындағы кітапхана ұжымына алғыс айтамын. Энциклопедияның ғұмыры мәңгілік болсын, – деді ол ақжарма тілегін арнап. Сондай-ақ жиында «Қиял қанаты» байқауының қорытындысы жарияланып, байқаудың бас жүлдесі алматылық Жандос Пірмағамбетовке бұйырған болатын.

Дереккөз: zhaikpress.kz

Мәңгілік еліміздің мәңгілік тілі

Дөңгелек үстелді Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы ашып, жүргізіп отырды. Шараның алғысөзін алған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Дәрішева Түймеш Малбағарқызы мен Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ғаниева Света Қадырбайқызы семинарға қатысушыларды мерекемен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Одан әрі Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов «Қазақы сөз түрлеудің атасы – Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы», Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Ербол Тілешов «Қазақ жазуы және жаңа латын негізіндегі әліпби», М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Абат Қыдыршаев «Түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиесілі», М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жанындағы «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері Даниял Танзенов «Алаш зиялылары және ұлттық мүдде» тақырыптарында өз баяндамаларын жасады. Шара соңында Филология факультетінің деканы Әскен Мұханбетқалиев сөз алып, Ахмет Байтұрсынұлының қалдырған мұрасы жөнінде сөз қозғап, тілдер күніне орай ақжарма тілегін арнады. Шараны «Рухани жаңғыру» институтының директоры Абат Сатыбайұлы Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, тіл мәдениетін жетілдіруді насихаттау, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының руханиятымыздағы құндылығы мен бүгінгі ұрпақтың тәлім-тәрбиесіндегі маңызын талқылау мақсатында Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының ұйымдастыруымен «Тіл – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өзегі, халықтың басты белгісі» тақырыбында онлайн семинар өткізілді. Оған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Негимов Серік, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Тілешов Ербол Ердембекұлы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жанындағы «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері Танзенов Даниял Жұппағамбетұлы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің оқытушылары мен студенттері қатысты.



кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген ұлағатты сөзімен қорытындылап,

«білімді болайық, бірлігіміз бекем болсын», - деп түйіндеді.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ЦЕЛЬ - ЭФФЕКТИВНОЕ ВЫПОЛНЕНИЕ ПОРУЧЕНИЯ ПРЕЗИДЕНТА РК О ЦЕНТРАЛИЗАЦИИ СБОРА И РАСПРЕДЕЛЕНИЯ СРЕДСТВ НЕДРОПОЛЬЗОВАТЕЛЕЙ, ВЫДЕЛЯЕМЫХ НА НАУКУ



18 сентября состоялась ZOOM-конференция под председательством Председателя Комитета науки МОН РК Курманғалиевой Жанны Дулатовны на тему: «1% отчислений на Науку: как прозрачно распределить и результативно использовать?». Представители научных организаций, вузов и научных общественных объединений, эксперты, представители малого и среднего бизнеса активно обсудили и внесли предложения по эффективному выполнению поручения Президента РК о централизации сбора и распределения средств недропользователей, выделяемых на науку, исходя из общенациональных научных приоритетов. При мозговом штурме были озвучены диаметрально противоположные предложения. Некоторые ученые-эксперты высказывались за использование средств в целях непосредственно самих предприятий-недропользователей, для решения их прикладных задач. Другие указывали на необходимость финансирования фундаментальных исследований и решение общегосударственных задач. Предлагались различные операторы по распределению средств: Фонд науки, Комитет науки, отраслевые министерства и др. Предлагалось выделять гранты на конкурсной основе через Национальные научные советы.

В обсуждениях участвовало более 223 участников. Лично у меня сложилось впечатление о трех научных лагерях: первые - ученые-«отраслевики», вторые-ученые - «фундаментальщики», третьи-ученые - «прикладники». Первые

озвучили тезис «1% на науку - это для недропользователей, для их нужд», вторые - «1% на развитие науки в целом, отечественной конкурентоспособной науки», третьи - «1% на коммерциализуемые прикладные проекты». В целом, обсуждение

было конструктивным, надеемся будет разработана концепция и механизмы по централизации сбора и распределения средств недропользователей, выделяемых на науку с учетом мнения всего научного сообщества. Ниже привожу некоторые выдержки из общего чата конференции.

«В Казахстане в 2019 году добыто 90,4 млн. тонн нефти, Средняя стоимость 1 тонны нефти в среднем – 240 долларов (40 долларов за баррель). Получаем 21 696 000 000 долларов, 1 % от 21,696 млрд. долларов – 216 960 000 долларов, что эквивалентно 93,292 млрд. тенге (только нефтяной 1 % несколько раз превышает годовую сумму, выделенную из государственного бюджета на науку)».

«1%, которые выделяют недропользователи на науку, это налоговые вычеты, то есть ранее эти деньги шли в бюджет в качестве налогов. Недропользователям дали возможность укрепиться за счет сотрудничества с учеными. Этой возможностью судя по высказываемым претензиям, они не особо эффективно воспользовались. Именно поэтому Президент сказал, что эти деньги должны идти в бюджет и распределяться Государством».

«Мы должны развивать свои инновации, может быть, и не совсем усложненные, как у иностранных аналогов! Наш кадровый потенциал еще не дорос до уровня западных ученых, нам еще учиться, учиться и учиться! Поэтому значительную часть средств нужно определить для привлечения иностранных продвинутых ученых на разработку отечественных проектов науки и определить к ним в ученики наших передовых отечественных ученых, независимо от возраста. Материально-техническая база отечественной науки также требует обновления – также львиную долю средств нужно выделить на их приобретение, эффективную эксплуатацию и профессиональный рост кадров».

«В настоящее время недропользователи получают пролонгации контрактов без государственного учета проектов и отчетов, о чем свидетельствует отсутствие их регистрации в АО «НЦ ГНТЭ» и информации, хотя бы в Докладе о науке,

Как уполномоченный по этике и противодействию коррупции ЗКУ им.М.Утемисова принял участие в конференции ZOOM - встрече с руководителями подведомственных организаций и уполномоченных по этике вузов под председательством Ответственного секретаря МОН РК Сарсембаева Каната Маратовича.

ДЕЛОВАЯ ВСТРЕЧА

В ходе встречи были рассмотрены и обсуждены вопросы функционирования института уполномоченных по этике и противодействию коррупции, формирования культуры добропорядочности, противодействия коррупции, предупреждения коррупционных рисков и их минимализации, получена целевая установка по освещению в СМИ и интернет ресурсах мероприятий по этике и противодействию коррупции. С докладами выступили уполномоченные коллеги с КазНУ аль-Фараби, Карагандинского индустриального университета, Ғылым Ордасы и других организаций. Канат Маратович озвучил предложения по внедрению системы поощрения «Лучший работник месяца», внедрению отдельной должности – ответственного по этике и противодействию коррупции в организациях, призвал всех уполномоченных вести планомерную работу по обеспечению добропорядочности, качества образования и престижа научных и образовательных организаций.

Кажмурат АХМЕДЕНОВ,
проректор по научной работе и
международным связям

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

17 қыркүйек күні Жаратылыстану-география факультетінің оқытушылары мен студенттері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын талқылады.

Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлнар Наухановна Жолдауда Президентіміз зияткер ұлт қалыптастыратын 6 қағидатқа тоқталып өтті.

Біріншіден, жиырма бірінші ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн.

Екіншіден, жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу қажет.

Үшіншіден, кез келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асырған дұрыс.

Төртіншіден, темірдей тәртіп пен жоғары жауапкершілік баршамыздың бойымызда болуы керек.

Бесіншіден, әділдіктен айнымаған жөн. Әділдік – қоғам дамуының маңызды шарты. Әділеттілік – әсіресе, ел-жұрттың тағдырын шешу үшін аса қажет қасиет.

Алтыншыдан, бізге керегі – адалдық, ұқыптылық, тиянақтылық. Жолдауда айтылған барлық мәселелер толығымен талқыланып, студенттерге түсіндірілді.

как альтернативного источника финансирования науки в Республике Казахстан».

«Очень важно, чтобы деньги на экологические исследования шли централизованно через государство, так как недропользователи не будут заинтересованы в получении объективной информации о влиянии их деятельности на окружающую среду».

«Для эффективного использования денежных средств необходимо выделение на целевые программы и гранты по линии МОН РК».

Кажмурат АХМЕДЕНОВ,
проректор по научной работе и
международным связям

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қоғам қайраткері, ақын Жұбан Молдағалиевтің ғасырлық мерейтойына орай Ақ Жайық өңірінде ұйымдастырылған шаралар легі М.Өтемісов атындағы БҚУ-да жалғасты.

«Жұбанның жырғы — ғасырлар үні»

Аталмыш білім ордасында өткен халықаралық конференцияға Түркия, Ресей елдеріндегі университеттердің оқытушы-профессорлар құрамы онлайн режимде қатысып, ақынның шығармашылығы хақында баяндама жасады. Сондай-ақ алқалы басқосуда облыс әкімі Ғали Есқалиев, Жұбан Молдағалиевтің ұлы Азамат Жұбанұлы, ҚР Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының және ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Ақұштап Бақтыгереева, елге танымал театр режиссері, Мемлекеттік музыкалық балалар және жасөспірімдер театрының директоры Асхат Маемиров пен М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың професорлары Жұбан ақынның ғибратты ғұмыры мен рухты жырларына тоқталды.

— Құрметті, конференцияға қатысушылар! Біз бүгін ақындығымен, азаматтығымен елдің құрметіне бөленген Жұбан Молдағалиевтің ғасырлық мерейтойы аясындағы шараларға куә болып отырмыз. Ақын қазақ елінің өз алдына мемлекет болғанын, аты әлемге білім, ғылым, жетістігімен танымал болуын аңсап өтті. Бүгінде ақынның сол армандары орындалуда. Өйткені еліміз еңсесін тіктеп, тәуелсіз Қазақстан атанды. Ендігі біздің міндетіміз — өмір жолы ерлікке толы Жұбан ағамызды бүгінгі ұрпаққа үлгі етіп, әдеби мұраларын, рухты жырларын келер ұрпаққа аманаттап жеткізу. Елі, азаматын құрметтейтін халқы барда Жұбан ақын мәңгі жасайды. Орал қаласының орталығында Жұбан Молдағалиевтің ескерткіш мүсіні орнатылып, «Жұбан энциклопедиясының» тұсауы кесілді. Сахналық қойылым да көрерменге жол тартты. Бұл конференцияға еліміздегі ғалымдардан бөлек, Түркия, Ресей елдерінен мүізіз қарағайдай профессорлар қатысып отыр. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін, — деді жиынның ашылу салтанатында сөз алған облыс әкімі Ғали Есқалиев.

Шараны М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Абат Кыдыршаев жүргізіп, Жұбан ақынның әр сөзінен тұжырым жасаумен кештің мағыналы өтуін қамтамасыз етті.

Халықаралық конференцияда сөз алған бірқатар зиялы қауым өкілдерінің қаламгер хақында айтқан тұшымды ойлары мен пікірлерін жеткізе кетсек.

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
ҚР Жазушылар одағының төрағасы:

— Жұбан ақын жас буынға аңыз болса, біз оның көзін көрген ұрпақпыз. Жұбан Молдағалиев десек, әр тұлғалы, кесек толғайтын, кесіп айтатын, көсем сөзді, байыпты ойлы, кемел аға елестейді. Ол кісі менің көз алдымда осындай асқақ қалпымен, биік болмысымен қалды. Ол ешқашан пендешілік жасап, ұсақтыққа бармады, қыранша өмір сүрді. Жұбанға «қыран ақын» деген теңеу ұйқасады. Бірақ қаламгердің өзі айтқандай, «қыранға қырансың деу мақтау сөз емес». Ол Оралдағы ауыл шаруашылық техникумында оқи жүріп, қаладағы әдебиет үйірмелерінің жұмысына белсенді қатысты. 1939 жылы «Комсомол ұрпағы» атты облыстық жастар газетінде оның «Ленин тірі» деген тұңғыш өлеңі де жарық көрді.

«Өлеңге ерте келіп, кеш ер жеткен» ақын топ жарып шықты. Нақтырақ айтсақ, сонау КСРО-ның кезінде 15 республиканың ақындарының ішінде КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығын алған жалғыз ақын. Ол 1940 жылы міндетті әскери қызметке шақыртылады. Бір жылдан соң сұрапыл соғысқа араласады. «1940 жылы армия қатарына алынғанда екі-үш дәптер өлеңімді жәшік түбіне салып, ала кеттім. Олар Отан соғысының алғашқы күндерінің бірінде өртке оранды. Әрине, олар бір әдеби мұра болғандай дүниелер еді демек емеспін. Тек өлеңге қашан, қалай келгенімді сипаттайтын нәрселер болатын. Сөйтсе де, олар маған соғыста «қаза тапқан» өлеңдер боп



көрінеді. Соғыспен 1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат төртте душарластым. Әрине, ол күндері өлең емес, бас қайғы болды», — деп өзі еске алған болатын. Ол майдан газетінде жұмыс істеп жүргенде орыстың белгілі ақын-жазушыларымен әрі журналистерімен танысып, ақыл-кеңестеріне жүгінеді. Олардың ішінде Александр Исбах, Михаил Матусовский, Борис Бялик, Михаил Светлов, Сергей Михалков, Степан Щипачев бар. Жұбағаң бала кезінен Махамбеттің өлеңдері мен «Батырлар жырына» сусындап өскенінің әсері шығар оның қаһармандық поэзиясы қалмас қылыштай» еді. Оның «Мен - қазақпын» поэмасы — бұлтсыз күнгі найзағайдай болды. Бұл поэма тәуелсіздіктің ұранына айналды. Өз дәуірінде, шығармашылық ғұмырында қоғамды дүр сілкіндіріп кеткен Жұбан ақынды біз ардақтап, жырларын келер ұрпаққа мирас қылып кетуіміз керек,

Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА,
ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын:

- Ақжайық ауданының Сайқұдық ауылында 1920 жылы дүниеге келген сәбиді бір кездері Жайықтан ұшып, алысқа самғап, «Мен - қазақпын» деп жар салатынын, әрине, ешкім болжамады. Алты жасынан әкеден жетім қалған ұлдың осыншама өжет те, батыл ақын болып өсуі анасы Зәріптей қазақ әйелінің ерлігі екенінің айтуға тиіспіз. Бәлкім, «Мен қазақ әйеліне қайран қаламын» деп тебіренуі ана махаббатынан бастау алған шығар. Ол университет бітіріп, ғылыми атақ қумай-ақ өз кезеңінің парасаттыларымен терезелерін тең ұстағанын, ұлтының атынан асқақ сөйлеп, талай мінбеден өлең оқығанын көрдік. Жалтаққа көнбей, надандыққа ермей, ерге лайық мінезімен өмір сүргенін көрдік, үлгі алдық. 1970 жылы «Абай» атындағы Қазақстанның мемлекеттік әдеби сыйлыққа ие болса, 1978 жылы КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. Өзінің адуынды жырларымен әдебиет әлемінде тез танылды. «Мен қазақпын» поэмасымен қазақ әдебиетінің ірі тұлғасына айналды.

Қазақ әдебиетінде КСРО және Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығын алған үш қаламгер болса, соның бірі - Жұбан Молдағалиев. Қазақстанның халық жазушысы, «Құрмет» белгісі, «Ленин» ордендерін омырауына тақты. Сол кездің ең үлкен марапаттарына ие болды. Осынша марапат ақынға оңайлықпен келмеді. Ол ерлік жайлы талай жыр, дастан жазды. Қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрғанда «Мен - қазақпын» деп жар салу оңай емес еді. Бірақ бұл батылдыққа Жұбан ақын барып, қазақ ұлтының мың өліп, мың тірілгенін айта алды. Еркіндік алған бүгінгі таңның өзінде «менмін» деп ана тілді жырлап жатырғанымыз шамалы екенімізді мойындауымыз керек. Ал Жұбанның ақындық рухы мықты екенін айтуға тиіспіз. Ол саясатқа емес, өз жүрегінің үнін тыңдады, ар-ұятына жүгінді.

Дереккөз: zhaiqpress.kz

Ақын шығармашылығымен тереңірек таныстық

24 қыркүйек күні Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдығына арналған Гео-21 топ студенттерінің “Мен қазақпын” атты кураторлық сағаты өтті. Шара «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағытында, жастардың тарихымыздағы ұлы ақындардың еңбектерін өшпес мұра қылып сақтап, таныту мақсатында ұйымдастырылған.

Кеш барысында Жұбан атамыздың өмірбаянымен таныстық. Ақынның болашақ ұрпаққа мұра қылып қалдырған асқақ туындыларын мәнерлеп оқып, шабыттана түстік. Жұбан атамыз жайлы көптеген мәлеметтерді біліп, тереңірек таныдық.

Ең алдымен топ студенті Мурсенова Замзагүль Жұбан Молдағалиевтің өмірбаянын айтып, жаңа мәліметтер алдық. Келесі бөлімдерде Жұбан

Молдағалиевтің өлеңдерін студенттер мәнерлеп, жан тебірентердей оқыды. Алғашқы болып Жұбан атамыздың қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген, кешегі кеңестік идеологияның жалын атып тұрған кезінде “Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген” деп тұтас бір ұлттың атынан әнұранға пара-пар поэмасын топ студенті Губаитова Алина оқып берді. Әрі қарай да Жұбан Молдағалиевтің көптеген өлеңдерімен таныстық. Сондай-ақ, ақынға жазушыларымыздың арнап жазған өлеңдерімен де таныс болдық.

Кеш соңында қатысушылар өз ойларымен, жақсы әсерлерімен бөлісті.

«Өлең қалсын ұрпаққа, өнер қалсын, ата мирас мәңгілік дүние боп» - деп Жұбан атамыз айтқандай, қазақ халқының көркем шығармалары атадан балаға мұра болып қалатынына сенімдіміз.

23 қыркүйек күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры Нұрлан Серғалиев 2019-2020 оқу жылында универси-тетімізде атқарылған жұмыстар бойынша ұжым алдында есеп берді. Бұл кеңейтілген жиында екі мәселе қаралды. Оның бірі – университеттің ғылыми кеңесінің мүшелерін сайлау, ал екіншісі - университет ректорының 2019-2020 оқу жылында атқарған есебін тыңдау. Оқу орнындағы ғимараттарда кеңеске қатысқандар барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып қатысып, қалған қатысушылар ZOOM байланысы арқылы және университеттің инстаграм парақшасынан тікелей эфирден тамашалады. Кеңейтілген мәжіліске ұжыммен бірге БҚО Білім басқармасының басшысы А.Ә.Мыңбаева, БҚО Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің директоры Г.А.Сәрсенғалиева, «Ақжайық адалдық алаңы» жобалық офисінің жетекшісі А.У.Салиевалар да қатысты.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ



Өз есебінде ректор университеттің дамуын айқындайтын Стратегиялық жоспары бойынша алға қойған міндеттердің жүзеге асырылуы аясында және орын алған қиындықтар мен туындаған мәселелер бойынша жан-жақты талдау жасалғанын, қашықтан білім беру үрдісін жүзеге асыру, онлайн оқытуды жетілдіру аясында интернет қолжетімділігін арттыру, қосылу жылдамдығын жақсарту мақсатында нәтижеге қол жеткізу үшін бірқатар жұмыстар атқарылғанын атап өтті.

Ректор Нұрлан Хабиболлаұлы:

- Оқу орнындағы құжат айналымын цифрландыру, қағазбастылықтан арылту мақсатында Smart University мобильді бағдарламасы енгізілді. Жас мамандардың ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында мемлекеттік мақсатты білім беру гранттарымен шектелмей, университеттің өз қаражаты есебінен білім алуға мүмкіндік алған аспиранттар мен докторанттармен алдағы жылдарда профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті артады деп сенеміз.

Өткен оқу жылында университеттің жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясы жоспарлы түрде жұмыстарын жүргізді, жемқорлыққа қарсы стандарт қабылданды, адалдық кеңесі жұмыс істеді, әдеп ережелері бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Бұл бағытта алдағы уақытта атқарылар жұмыстар жетілдірілетін болады.

Қазіргі таңда ЖОО оқытушыларының жалақысын көтеру мәселесі басты назарда. Осы мәселені шешу мақсатында бірқатар шаралар қолға алынды. Осы оқу жылынан оқытушылардың жалақысы 25 пайызға өсті. Бұнымен тоқталмай, алдағы жылдары да бұл өсімнің саны артатын болады.

Университет қаржысының жұмсалуды бойынша есеп ұжым алдында ашық болуы тиіс. Осы мақсат-та университетімізде алғаш рет ашық бюджеттік комиссия құрылды, бұл құрам университет қаржысының қалай, қайда жұмсалып жатқандығы бойынша және университет бюджетін жоспарлауда факультеттер, бөлімдер тарапынан нақты ұсыныстар беру бойынша жұмыстанатын болады.

Атқарылған жұмыстардың нәтижелері талқыла-нып, алда атқарылар жұмыстар мен басым міндет-тер нақтыланды. Күрмеуі қиын күрделі мәселелердің де оң шешімінің табылуына ортақ мақсатқа жұмылу мен ынтымағы жарасқан, бірлігі бекем орта керек болса, ол бізде қашанда бар. Қай істе де біз біргеміз, құрметті әріптестер! Жаңа оқу жылы жетістіктерге толы болсын! - деп қорытындылады.



Нұрлан СЕРФАЛИЕВ,
М.Өтемисов атындағы БҚУ ректоры

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауын ұсынды. Қоғамдық өмірдің түрлі саласын қамтыған аталмыш Жолдауда ғылым, білім саласы да ерекше орынға қойылған және аталған саладағы маңызды мәселелерді шешудің жолдары нақты белгіленген.

Еліміздің бұдан былайғы дамуы тек қана ғылымның деңгейімен өлшенетінін ұқтырған қазіргі кезеңде Президентіміз ғылымға басты назар аударуға тиіс екенімізді айқын жеткізді.

Дәл осы тұста отандық ғылым деңгейі қандай деген орынды сұрақ туады. Бұл тұрғыдан алғанда да еліміз діндеген меже биігінен көріне алатынына сенім мол. Отандық ғылым мектебі қазірдің өзінде нәтижелерін бере бастады. Қай жағынан алғанда да біздің ғалымдар отандық экономиканы озық технологиямен байытудың тірегі болары сөзсіз. Солай болуы тиіс те. Біз осы уақытқан дейін өмірлік қажетті үш тіреудің басын біріктіре алмай жүрдік. Білім – ғылым – өндіріс үштігінің басын қосатын нақты заң қабылданып, бұл күндері нәтижелі жұмыс істеп

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік ғылымның даму көрсеткішімен айқындалу қажет

жатыр. Өндірісті дамытушы ғылымды инвестициялаудың халықаралық қалыптағы жүйесі енді біздің ел өміріне де ене бастағаны көпке мәлім. Бұған дейін ғылым «қаражаттан шөліккесе», ғалымдар ашқан жаңалықтар өндіріске жолдама алудан ысырылып келсе, енді ондай тоқырау болмайтын болды. Ғылымды инвестициялаудың бірнеше арнасы жұмыс істей бастады. Мәселен ғылыми-зерттеулер үшін арнайы мемлекеттік мақсатты гранттар бөлу, мемлекеттік тапсырыстар бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру, ғылымға бөлінетін қаржыны ғалымдардың өз екшеулерінен өткізе отырып бөлу, ақыр аяғында жекенің капиталын инвестиция ретінде тарту арналары пайда болды. Ашылған жаңалықтарды өндіріске енгізу ісі жеңілдей түсті. Қазір үкімет деңгейінде жоғары ғылыми-технологиялық кеңес жұмыс істейді. Бұл кеңес салалық ғылыми кеңестердің ұсыныстарын екшеуден өткізеді. Сайып келгенде, бәрінің де мүддесі ғылымды инвестициялау, жаңалықты өндіріске кідіріссіз енгізу жұмыстарын жүйеге түсірген, жемісті ететін бір жаңа арна болғанын айта кету керек.

Президент Жолдауының басым бағыттарының бірі ғылымды дамытуға негізделгені айқын. Ғылымды дамыту ғылыми кадрлардың әлеуетіне байланысты болары анық. Осы мәселені шешуде нақты тапсырмалар берілгені қуантады. Ғылымды модернизациялау тетіктерін жетілдіруде 500 ғылыми тағылымдамаға қаржы бөлінетіндігіне ерекше тоқталу қажетпіз.

Отандық ғылымды дамытуда қазіргі кезеңде шетелдік әріптестермен бірлескен зерттеулер жүргізу маңыздылығын ескерсек, ғылыми бағытта белгілі бір мәселелерді шешуде ғалымдар бас қосып, ғылыми әлеуеттерімен ортақ мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өзара міндеттерді бөлісіп, бір мақсатқа жетуде колобарацияның қажеттігі айқын боп отыр. 500 ғылыми тағылымдамаға қаржы бөліну біздің ғалымдарымызға шетелдік ғалымдармен ынтымақтастық арқылы бірлескен зерттеулер жүргізуге және өз кезегінде олардың тиімділігін

арттыруға жол ашары айқын.

Өткен жылы жас ғалымдар үшін берілетін грантқа 3 млрд теңге қаржы бөлінсе, енді жас ғалымдар үшін 1000 зерттеу гранты бөлінгелі отыр. Оған дәлел «Жас ғалым» жобасының қолға алынатындығы. Аталмыш жоба аясында бөлінетін мың грант талантты жас ғалымдар үшін өздерінің инновациялық идеялары мен старт-ап жобаларын жүзеге асыруға зор мүмкіндік берері сөзсіз.

Ғылымды басқару жүйесі жаңа ғылыми идеяларды ұсынатын нақты ғалымдардың, оның ішінде, бірінші кезекте болашағы бар жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін дамытуды қолдау моделіне құрылуы керек. Осы орайда ғылыми зерттеу жүргізу арқылы білім беруге қадам жасау маңыздылығын ескеру қажет. Жылда ҚР Білім және ғылым министрлігі PhD докторларды дайындау мақсатында бөлінетін мемлекеттік гранттар санын арттырып келеді. Дегенмен жас ғалымдарды ғылымға тарту, ғылыми кадрлардың әлеуетін арттыруда бұл гранттар саны толыққанды шешеді деп айту қиын. Осы мақсатта университетіміз мақсатты түрде бөлінетін мемлекеттік гранттардан өз қаражаты есебінен докторантура мен аспирантураға оқытуға жас ғалымдарға қолдау көрсетіп, ғылымға тартуға арнайы қаржы бөліп келеміз. Қазіргі таңда университет өз қаржысы есебінен ақылы түрде қазақстандық жоғары оқу орындарының докторантурасы мен ресейлік жоғары оқу орындарының аспирантурасында жас мамандарымыз білім алуда. Алдағы екі-үш жылда осы жас мамандарымыз ғалым атанып, білім беруге өз үлестерін қосады деген сенімдеміз.

Қазір елімізде ғылым саласында қолға алынған істер аса ауқымды. Осынау ауқымды іске әрқайсымыз өз үлесімізді молайта түсу үшін жұмыла алсақ болғаны. Тек енді осы отандық ғылымдағы жалпы дамуға әр жалқы жауаптымын деп сезініп жұмыс істеуі керек деген ойдамыз. Осылай жасай алсақ, ғылымда біз бағындырмайтын асу жоқ дер едім.

Важная задача — повышение уровня экологической культуры в обществе



П о с л а н и е Президента страны народу Казахстана - это важное событие для каждого гражданина республики. В Послании изложено видение дальнейшего развития страны и общества, намечены важнейшие задачи, направленные на рост качества жизни казахстанцев. Это программа конкретных

практических дел, которая касается всех, и в первую очередь нас, педагогов. В текущем Послании Глава Государства обозначил четкие приоритеты в системе экономики, образования, здравоохранения, социальной политики.

В своем Послании Президент говорил о таких первоочередных задачах как, развитие единой образовательной платформы, в связи с актуальным в наше время, дистанционным обучением, с открытым доступом для обучающихся и их родителей, повышение уровня экологического образования общества, сохранение биоразнообразия растительного и животного мира, озеленение городов, создание зеленого пояса (программа «Зеленый рост»), так как одним из семи принципов нового экономического курса, прозвучавших в Послании был принцип Озеленения экономики и охрана окружающей среды.

Западно-Казахстанский университет им.М.Утемисова имеет большой потенциал по претворению данных задач приоритетных направлений, указанных в Послании.

Следует отметить постоянное внимание государства к вопросам экологического образования молодежи, связанное с введением во всех высших учебных

заведениях обязательного преподавания основ экологического знания, что успешно реализуется в нашем университете. Педагогические и социальные аспекты экологического образования и воспитания молодежи стоят главным вопросом в период модернизации образования в Республике Казахстан. Предмет «Экология» является обязательной дисциплиной, которая преподается на должном, высоком уровне в стенах нашего университета, который является образовательным пространством, обеспечивающим экологическое воспитание будущих учителей. Кроме того, вуз находится в постоянном взаимодействии со школами города и области.

Студенты принимают активное участие в экологических олимпиадах, научно-исследовательских проектах экологической направленности. Также студенты, обучающиеся в Западно-Казахстанском университете принимают активное участие в программе «Жасыл Ел», участвуют в различных экологических акциях по защите и охране окружающей среды.

Сотрудники естественно-географического факультета университета на протяжении многих лет занимаются изучением биоразнообразия нашей области, участвуют в научных проектах по изучению состояния растительного и животного мира, ратуя за его сохранение, привлекаются к общественной работе, направленной на сохранение зеленого пояса города. В настоящее время ведется работа по инвентаризации зеленых насаждений старейшего парка г. Уральска и оценивается их состояние с целью улучшения и их сохранения.

Учеными, работающими на естественно-географическом факультете, написана и издана Зеленая книга, в которой указан список растений, численность которых сокращается и которые необходимо взять под охрану. Кроме того, сотрудниками представлен ряд природно-территориальных комплексов, которые необходимо взять под охрану. Таким образом, в университете успешно реализуется программа

МАССОВЫЙ СПОРТ И РАЗВИТИЕ ФИЗИКУЛЬТУРЫ В ПОСЛАНИИ ПРЕЗИДЕНТА РК

Е ж е г о д н ы е послания народу Казахстана – важное и значимое событие государственного уровня для нашего общества. В послании президент государства обозначает наиболее актуальные проблемы развития страны, указывает на конкретные пути и меры их разрешения, определяет стратегические ориентиры и направления дальнейшего развития.

В нынешнем Послании рассмотрены много аспектов и вопросов, среди них хотелось бы выделить - о значимости спорта и физкультуры. Как отметил Президент - «необходимо обратить самое серьезное внимание на спортивный потенциал подрастающего поколения. И Приоритет нужно отдать массовому спорту, физкультуре и, конечно, детям. В каждой области, крупных районных центрах следует открыть спортивные секции».

Возрождение массового спорта было определено первоочередной задачей. От успешного развития физической культуры и спорта прямо зависит здоровье нации.

Л.И. ФЕДОРЧИНКО,
старший преподаватель

повышения уровня экологической культуры.

Мы получили четкое видение перспектив развития нашей страны и полностью его поддерживаем. Воплощая идею труда Главы Государства, мы - педагоги и студенческая молодежь - должны этому способствовать и надеемся, добьемся успеха.

М.В. МАМЫШЕВА,
магистр, ст. преподаватель кафедры биологии и экологии естественно-географического факультета



Қазақ әдебиетінің талантты өкілі, ірі эпик, рухты ақын, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның Халық жазушысы Жұбан Молдағалиев 1920 жылы 5 қазанда Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы (бүгінгі Ақжайық ауданы), Өлеңті-Сайқұдық елді мекеніндегі Жыланды жерінде дүниеге келген. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Жеңіс жырлары» атауымен жарық көрген. Шығармалары әзірбайжан, армян, башқұрт, белорус, орыс, ағылшын, неміс, француз, поляк, испан, венгр, араб, моңғол, қарақалпақ, қырғыз, литва, марий, молдаван, тәжік, татар, тува, түрікмен, өзбек, ұйғыр, украин, шешен, чех, якут тілдеріне аударылған.

Жұбан жырларына тән стильдік ерекшеліктердің бірі – ақын қай тақырыпты қозғаса да ұлттық менталитетке көңіл бөлуді ұмытпауы. Ұлттық нақыш, ұлттық фон – ақын жырларының түпкі өзегі, идеялық мақсаты. Ақын туған халқының қандай да бір өзіндік қолтаңбасына көңіл аударып, өлең-жырларының өн бойына сыналап енгізіп, шегелеп отыратыны ойлантпай қоймайды. Жұбан Молдағалиев поэзиясының тақырыптық-идеялық және көркемдік өрімінде ұлттық құндылықтар әр уақыт басты орынға шығып, жырланып отыруы құнды.

Жұбан Молдағалиев – арлы азамат ақын. Оның шығармаларының бойынан азаматтық әуен еседі және тақырып ауқымы кең, түйіп айтар ойы сабақтаса өріледі. Бір ғажабы, ақын саяси тақырыптан азаматтық ұғымға, туған жер тақырыбынан философиялық толғам тудыруға оңай ауысып отырады. Жұбан Молдағалиев - лирикалық туындылары мен әдеби сын еңбектерін айтпағанның өзінде артына қомақты эпикалық мұра қалдырған ақын. Оның шығармаларынан еліміздің кеңес дәуіріндегі күллі шындығын тануға болар еді. Егер де ақын лирикасынан замандастарының нәзік жүрек сырларын ұғар болсақ, поэмаларынан сол дәуірдегі көркем жинақталған елеулі оқиғалардың тарихы мен реалистік болмысы, адамдар арасындағы қайшылықтар мен қоғамдағы өзгерістер айқын аңғарылады.

Жұбан ақын өз оқырмандарының жадында ұлтын сүйген азаматтық үнімен, қазақ поэзиясының поэма жанрын жаңа бір белеске көтерген эпик ақын ретінде сақталуда. Қарымды қаламгердің қаламынан туған поэмаларының тоталитарлық кеңес заманында өскелең ұрпақты отаншылдыққа, ерлік пен жігерге, әсіресе, ұмытылып өшуге айналған ұлттық рухты қайта тірілтіп, ел мен жердің өткен тарихына құрметпен, мақтанышпен қарауға үндеуі ойлантады. Ақын поэмаларында қазақтың елдік, ерлік тарихы, кеңес дәуіріндегі адамдардың болмыс-бітімі, ой-армандары мен болашаққа сенімдері, Ұлы Отан соғысы әкелген қайғы мен қасірет, әр алуан адамдардың жан дүниелеріндегі өзгерістер мен нәзік сезім иірімдері мейлінше шынайы суреттелген. Демек, Жұбан Молдағалиев шығармашылығының алтын арқауы тек оның лирикаларында ғана емес, сондай-ақ ақынның кең тынысты, мол пішілген, ұлттық рухты эпикалық туындылары – поэмалары. Осы тұста сұңғыла сөз зергері Зейнолла

Жұбан ақын – сөз киесі қонған азаматтық уыт иесі

Жұбан ақын - тереңнен суыра айтатын, таңдайды қуыра айтатын азаматтық уыт иесі. Қасиетті қазақ әдебиетінің кемел классигі, қайталанбас қарымды да қабырғалы қаламгері Жұбан Молдағалиев, әдебиеттану теоретигі, академик Зейнолла Қабдоловқа сүйене айтар болсақ, «қазақ поэзиясындағы, әдебиетіміздегі ірі құбылыс. Ол – Оралдың ғана ақыны емес, қазақтың Жұбаны». Өз тұсында қазақ поэзиясының нары Хамит Ерғалиев: «Бұлаққа бұлақ біртіндеп қосыла берсе, ағын су арнасы үлкейіп, өзеке, одан әрі өзенге, тіпті бағзы бір дархан дарияға айналады. Түбі тереңдеп, ат шаптырым алыбындағы жайдақ жерді жасартып алады - Ж.Молдағалиевтың өзені осындай», - деп жазған-ды. Ал атақты ақын Қадыр Мырза Әлі: «Жұбан Молдағалиев – сұмдық ірі тұлға, тау қопара алатын құдірет-күштің иесі. Жұбағаның ішкі-сыртқы дүниесі, бүкіл он екі мүшесі оннан-мұннан құрастырылмай, тұтас бір материалдан қашап жасаған монумент іспетті», - деп тамсанған-ды.

Қабдолов: «Мен – қазақпын», «*Жесір тағдыры*», «*Қыран дала*», «*Сел*», «Байқоңыр баспалдақтары»... Өйтеуір осылардың біреуін жазып қоя қойса да Жұбан Молдағалиевтың қазіргі қазақ поэзиясына, оның ішінде поэма жанрының дамуына қосқан үлесі ешкімнен олқы соқпас еді», - деп жазуы қолдарлық тұжырым.

Қазақстанның халық жазушысы Жұбан Молдағалиев поэзиясы ұлт әдебиетінің алтын қорынан ойып орын алатын руханият жауһарлары сапынан. Ұлт поэзиясына ағыл-тегіл мол жаңалық әкелген ақынның шығармашылық әлемі аса бай әрі жан-жақтылығымен назар аудартады. «Мен – қазақпын» деп әлемге жар салған Жұбанның лирикалық және эпикалық туындылары қазақ асыл сөзінің қайнар бұлағына айналып, өлең сүйер, өнер сыйлар әр оқырманның жүрегін жаулар дүниеге айналып үлгергені кәміл. Ақын поэмалары ішінде халықтық шығармаға айналып кеткен, республиканың әдеби-мәдени өмірінде үлкен толқу, жаңалық әкелген поэмасы – «Мен – қазақпын» туындысы. Бұл дастан кеңестік дәуір әдебиетінің де үлкен жетістігі қатарында. Поэма – қазақ ұлтының рухын ұштап, мәртебесін биіктеткен, ұлт тұлғасын аспандатқан шығарма. Бұл ретте көсемсөзші Әділбек Ыбырайымұлының: «Жұбан Молдағалиев» десе, оқырманның көкейіне «Мен - қазақпын» поэмасы бірден сақ ете қалады. Автордың есімімен шығарманың атауы қатар жүруі – көп қаламгерге бұйыра қоймаған несібе» деуі әбден қолдауға лайық халықтық пікір. Ақын «Мен - қазақпын» атты толғауында қазақ халқы атынан мінбеге шығып, тарихи шындықты, халықтың эпикалық өмірін кестелеген. Ақын сан түрлі тақырыптағы лирикалық шығармаларында туған жер, Отан, өз ұлтына сүйіспеншілік, қазақ тілі, оның тағдыры, ана, әйел, махаббат, соғыс және бейбітшілік, замандастар бейнесін арқау еткен. Ақынның шеберлік үдерісін терең меңгеріп, ұлт ойының жоқшысы боп, ұдайы ел-жұртымен жыры арқылы терең байланыс орнатып, ақын-оқырман боп екі арада алтын көпір салғанына дәлел – оның ұдайы үлкен сұранысқа ие толайым туындылары. Талғамы зор оқушының талап-тілектеріне сай келетін лайықты жыр жинақтарының әр жылдарда үзіліссіз басылып отыруы Жұбан ақын мұрасының мәңгілікті мұрат еткен өшпес, өлмес, тозбас қасиетінен болса керек-ті. «Мен – қазақпын» поэмасын зерттеушілер публицистикалық дастанға жатқызғанымен, оның тарихи деректілік оқиғаларға қатысты тірек-деректері қазақ елінің өткені мен бүгінін тығыз байланыстыратын, күллі жұрттың жүрегін жаулап алған тағылымды тарихымен қызықтыра түседі. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың бірнеше ғасырлық тарихына шолу жүргізуді мақсат еткен поэма құрылымы он бөлімнен тұрады. Әр бөлім қазақ қоғамының даму, өсу баспалдағын көрсететін тарихи деректерге сүйенген. Поэмада қазақ даласының қатпар - қатпар тарихы оны

мекендеуші ұлттың мінез-құлқымен байланысты берілуі – ұнамды әрі бірегей тапқырлық үлгі. Поэманың көркемдік әрін, ұнамдылық, көркемдік дәрежесін көтеріп тұрған, көзге көп байқалмас желі, жіңішке бір тін бар. Ол – ұлт есімінің үздіксіз дәріптелуі, ұмыттырмас оқиғаларды еске сала отырып, оқырман жігерін жанып, намысын қайраттандырып, әр тұста бас көтеріп, еске салып отыруы. Мәселен, Ұлы аманат етейік еркіндікті, Ел құлдықты білмесін, жер күңдікті. Аңсаймын мен, сенемін, туады ертең, «Қазақ болу – зор бақыт» дер күн тіпті... Демек, дастанның тақырыпқа сай жазылуында ұлт болмысының барлық болмыс-бітімі, қазақ халқының мінез-құлқы, жеке ұлт ретіндегі өзіндік ерекшеліктері, философиялық, психологиялық, эстетикалық таным тұрғысынан кең масштабта жырлануының орны бөлек. Поэманың әр бөлігі белгілі бір кезеңнің, дәуірдің тынысын танытып, сол заманның белгілі-белгілі тарихи оқиғаларынан сыр шертеді. Ендеше, «Мен – қазақпын» поэмасы – тарихи шығарма. Ақын поэмасына арқау еткен тарихи оқиғалар ойдан шығарылған қияли фантастика емес, нақты деректер негізінде дүниеге келген тарихи шындық. Ол халық тарихының кезең-кезеңдерін өз басынан өткізгендей күйде суреттейді. Қазақты «мен» деп жырлайды. Қазақтың барлық өткен тарихын сол лирикалық «меннің» бойына жинақтайды. Дәлелді үзік төмендегіше: Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген, Жергегімде таныстым тұң тілімен. Жылағанда жүрегім, күн тұтылып, Қуанғанда, күлкімнен түн түрілген... Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін, Қайта тудым, өмірге қайта келдім. Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске, Айта бергім келеді, айта бергім!

Ақын көлемді шығарманың өн бойында басты кейіпкер ретінде қазақ халқының табиғи мінезін, түп тамырын, тарихын, таным-түсінігін, күллі ұлтқа тән қасиетін жинақтап бірінші жақтан баяндайды. Яғни, бұл жердегі басты образ – сол қазақтың атынан тарих шежіресін шертуші ақынның өзі. Өйткені ол - қазақ ұлтының бірегей өкілі. Бұл негізінен Жұбан шығармаларының көпшілігіне тән ортақ құбылыс. Жұбан ақын поэмасы - қазақ әдебиетінің тарихындағы өз маңызын қай қоғамда да, қай дәуірде де жоймайтын кесек те іргелі шығарма. «Мен – қазақпын» дастаны – Жұбанның басты туындысы. Бүгінде әлемді шарлап жүрген ғалым – жазушы Роллан Сисенбаев: «Жұбан Молдағалиев әдебиетімізде өз жанын да, өлең жанын да, өнер жанын да жарқыратқан үркердей Асыл ағалар тобынан еді. «Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген» деп атойлаған Алып ақын бір жол өлеңіне бір халықтың тарихын сыйдырып жүре берген», - деп тамыршыдай дәл баса айтқан. Құптарлық түйін-ау!

Жұбан Молдағалиев – тәуелсіз ұлт ұрпағының рухани көсемі. Қайраткер Жұбан – 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы тұсында халқының басына қара бұлт үйірілгенде, халқының арына тиіп, намысын таптап, қаралап жатқанда, қасқайып тұрып халқын, ұлтын қорғаған бірегей

тұлға. Жұбан аға – желтоқсан ерлерінің сапындағы Халық қаһарманы.

Халық қолдауына ие болған, оқырманын ойлантар Жұбан жырларында адам жадында жатталып қалатын сериалды қанатты сөздер молынан ұшырасады. Мәселен, «Өмірдің жолы кереғар, Суықтан кейін ыссы бар», «Жау берсең, доспен тағдыр жауластырма, Дау берсең, әйелмен тек дауластырма», «Сүйгенге сүйе білген еркелейді», «Дарынды адам – даңқ құмар», «Алдында махаббаттың тас жібиді», «Сүйген қандай, сүйікті болған қандай!», «Ер жоқта ергежейлі ерсінеді», «Ақиқат, ақын бола алмайды, Қол үзсе сүйініштен, күйініштен», «Ана жас – ұлымен, қызымен, Қыс күшті – қарымен, мұзымен», «Мен қазақ әйеліне қайран қалам, Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған», «Жер – құдірет, жер – алдияр, жер – дана, Теңеу болса әйелге тең – жер ғана», «Жаңа бар жерде, көне бар, Ащы бар жерде, тұщы бар», «Тәттісін қалай ұғарсың, Ащының дәмін татпасаң», «Оңай емес жылар жерде күлімдеу, Оңай емес өзәзілден бүлінбеу», «Ашыққанға нан арман, Адамға таң арман», «Арман – қаны жүректің, қансыз жүрек соқпайды», «Пешкадан шах та, мат та жаралады, Солдаттан маршал жолы басталады», «Ұятпен адамдық өлшенді, Ұятпен адалдық өлшенді», «Нұр қайнары – адамның жанарында, жаза алады көз небір жараны да», «Көзден өткір нәрсе жоқ жер дүниеде, Мұз боп қарып, от болып жанады да», «Балдан да жалай берсең, дәм кетеді», «Тұрмайды өлгеннен соң соққан белгі, Бір ауыз жылы сөзге тірідегі», «Өлең де арлы арудай, Өзі іздеп келмес жігітті», «Тіршілік тек әдемі ұран емес, Сондай-ақ құстың бәрі қыран емес», «Көптің бірі болайық шаттанғанда, Көптің бірі болмайық даттанғанда», «Аңсаймын мен, сенемін, туады ертең, «Қазақ болу – зор бақыт» дер күн тіпті», «Азамат адагершіліктен ғана жаралады», «Еңбек - поэзия» деген сияқты ойға қонымды, тілге жеңіл тіркестер молынан кездеседі. Ақын шығармаларын оқи отырып мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің сыртқы пішінін өзгеріп, поэзия заңдылығына сай қалып тапқанын аңғарамыз. Оларды сол күйінде қоя салмай, өзінше өңдейді, әдемі инверсияға айналдырады. Мәселен, «Халықпыз - қасын да аспен кесектейтін», «Қорқақтар бір аттаса, он бұғады», «Жақсыдан салт қалады, ат қалады», «Ілінер – дейді жөргем де, жылжыған, жүрген аяққа», «Көсілген көрпеге сай арыс-алып» т.б.

Қысқасы, Жұбан Молдағалиев – лирикалық, эпикалық шығармаларында өзі таныған ақиқат шындықты белгілі бір образдарды бойына жинақтай отырып көрсетуге машықтанған ақын. Бүгінде ақын сомдаған образдар жылдар өтсе де ескірмей халық жадында сақталуда.

Абам ҚЫДЫРШАЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі



Х.К.Кенжеғұлов 1930 жылы Атырау облысының Индер ауданында дүниеге келген. 1951 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына түсіп, оны үздік бітіргеннен кейін математика кафедрасының ассистенттігіне қалдырылады. Хайролла Кенжеғұлұлының содан бергі өмірінің басым бөлігі жоғары оқу орнымен тығыз байланысты: 1963 жылға дейін педагогикалық институттың математика кафедрасында оқытушы, аға оқытушы болып жемісті еңбек етсе, 1963-1972 жылдарда Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтында жоғарғы математика кафедрасының меңгерушісі, экономика факультетінің деканы міндеттерін абыроймен атқарды. 1967 жылы Ресейдің Самара (бұрынғы Куйбышев) қаласынан педагогика институты жанындағы аспирантураны бітіріп, «Нақты және комплекс облыстарындағы итерация» тақырыбы бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаты

Университеттің 90 жылдығына орай

90 жылға жуық тарихы бар М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (бұрынғы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты) есімі елге танылған ғалымдар мен педагог-кадрларды дайындауға үлкен үлес қосты. Осы жылдар аралығында қара шаңырағымыздың абыройының, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-педагогикалық деңгейінің жоғары көтерілуіне өз үлестерін қосқан іскер басшылар көп болды. Солардың бірі – Кенжеғұлов Хайролла Кенжеғұлұлы.

АДАМ ЖАСАҒАН ІСІМЕН ҰЛЫ

ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайды. Хайролла Кенжеғұлұлы 1972-1973 жылдарда Орал педагогикалық институтының оқу бөлімінің проректоры, 1973-1979 жылдары осы институттың ректоры болып қызмет істеді. Ол институтты басқарған жылдары оқу орнын білімді кадрлармен толықтыру мәселесіне басты назар аударып, білім деңгейі жоғары мамандар резервін әзірлеуге көп мән берді. Хайролла Кенжеғұлұлының өзінен кейінгі жастарға қамқоршы бола отырып, оларға талап қоя білгендігі университеттің қазіргі профессорлары мен оқытушыларының әлі есінде. Сол жылдары көптеген жастар Мәскеудің, Ленинградтың және Алматының ғылыми-зерттеу орталықтарында білімдерін жетілдіріп, ғылым салаларындағы алғашқы қадамдарын жасады. Олардың басым көпшілігі кейіннен ғылым кандидаттары мен докторлары дәрежелеріне көтеріліп, кейін университеттің басқару ісіне тартылды. Олар: Т.З. Рысбеков, Б.Қ.Бірімжаров, М.В.Чечетко, А.Г.Галимов, Ж.С.Сырым, С.Х.Тлеугалиев, Р.К. Кусаинов, т.б.

Хайролла Кенжеғұлұлы 1979-1994 жылдары осы институттың физика-математика факультетінде декан, кафедра меңгерушісі болып жұмыс жасады. Декандық қызмет атқарған жылдары физика кафедрасының лабораторияларын ғылым мен техниканың сол кездегі талабына сәйкес келетін құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етуге

жоғары көңіл бөліп, осы жұмыстардың іске асуына ұйытқы болды. Факультеттегі оқу процесінің жүйелі жүргізілуін қадағалап отырды. Хайролла Кенжеғұлұлы облысымыздың білім беру жүйесін компьютерлендіру ісін бастауға да көп үлес қосты. Өзі бастап информатика пәнін игеріп, университетімізде информатика кафедрасының ашылуына зор ықпал етті.

Хайролла Кенжеғұлұлы – көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы, өнегелі өмір иесі. Оның жемісті ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі ескеріліп, «За трудовое отличие», «Отличник просвещения Казахской ССР» төс белгілерімен және бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталды. 1994 жылдан өмірінің соңына дейін (1999 жыл) математика кафедрасының доценті, құрметті профессоры болды. Абзал ағаның замандастары, достары, оқушылары: «Хайролла Кенжеғұлұлы – жоғары дәрежелі маман, көрнекті ғалым, адамгершілігі мол азамат, әділ және талапшыл басшы еді, оның еңбек жолы бізге үлгі», - деп еске алады.

Хайролла Кенжеғұлұлы сырлы поэзияны түсіне де, сезіне де оқитын сырбаз азамат болатын. Ол шығыс, қазақ, және орыс классик ақындарының өлеңдерін жатқа айтып, пәлсапалық астарларын тыңдарманына түсіндіріп отыратын. Ел сүйген азаматтың артында тұяқ қалғаны да көңілге медеу. Баласы - Баркел, немерелері - Арсен мен Әсел ел қатарлы

еңбек етуде, шөберелері де өсіп-жетілуде. Университетімізде Х.К.Кенжеғұлов атындағы дерісхананың ашылу рәсімінде филология ғылымдарының докторы, ғалым Алпысбай Мұсаев Хайролла ағаға төмендегі жыр жолдарын арнаған болатын:

Жақсы адам, абзал адам – Хайрақан деп,

Достарың асыл сөзін арнаған көп. Адамшылық жағынан биік едің, Сын сағатта өзіңді таңдаған ек. Күш бар еді, бойыңда сенім дейтін, Бар ісінде жауаптылық сезінгенсің. Ректор болған анау бір кездерінде, Парасат биігінен көрінгенсің. Жан едің – бәрі ұрпақ үшін – дейтін, Жағдайын қысылғанның түсінгенсің. Талайларға жақсылық жасағансың, Жадымызда жаңғырар бүгін кейпің. Жаңғырып жатқан кезде көнерген үн, Есте ғой қуанышқа кенелгенің. Білгір де, білікті бір ғалым едің, Жатқа білген қазақтың өлеңдерін. Еңбекпен байланысты бақ-таланы, Тұлғалы азамат ең асқаралы. Хайролла Кенжеғұлов – асыл бейнең, Есімің жүректерде сақталады!

Осы арнау жолдарынан Хайролла ағамыздың өзі ортамыздан кетсе де, еңбегі мен азаматтығы жас ұрпаққа үлгі-өнеге екендігін айқын сезінеміз.

Ж.С.КАМКИБЕВА,
Математика кафедрасының
аға оқытушысы

Наука ЗКУ им.М.Утемисова - 2020

Историко-культурное и природное наследие ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА



В рамках данного проекта разработаны этапы и маршруты этноархеологических исследований, организован координационный семинар рабочей группы и всех участников проекта.

В августе состоялись полевые исследовательские работы и съемочные работы по изучению историко-культурного наследия и святых мест Атырауской области. Это городище Сарайшик, мавзолеев Макаша, мавзолеев святого Зейнедена, пещера Кененбай, здание церкви 19 века,

Учеными Западно-Казахстанского университета им.М.Утемисова реализуется проект «Разработка интерактивной карты (электронной карты) о памятниках истории и культуры и святых местах» по заказу Центра исследования историко-культурного наследия Атырауской области.

Таскран и другие интересные объекты.

Исследуемые памятники истории и культуры, имеют разные хронологические датировки и относятся к различным видам и формам материальной и духовной культуры разных этносов. В результате работ будет получена полная и объективная информация по сакральным объектам для составления полномасштабной интерактивной карты памятников материальной и духовной культуры и сакральных мест Атырауской области.

В данный момент идет работа по систематизации и обобщению собранного большого материала, который ляжет в основу электронной карты «Памятники истории и культуры Атырауской области».

Предлагаем вашему вниманию предварительные данные по отдельным некрополям Атырауской области.

Некрополь Дари - расположен в 44 км северо-восточнее п. Жарсуат Индерского района Атырауской области. Кладбище является родовым некрополем казахского рода бериш, подразделения каратакай. На кладбище в 1869 г. был похоронен бий Есет Караулы (Есет Кария по русским источникам). По хронологии памятников относится к XIX - нач. XX в.в. На некрополе насчитывается не менее

100 видимых старых традиционных памятников, большинство из которых сейчас представляют собой оплывшие надмогильные насыпи и ограды. Особо выделяются на некрополе Дари резные стелы кулпытасы, представленные разнообразными разновидностями плоскостных и объемных стел. Имеются также и гигантские резные стелы, с искусной обработкой членений, деталей и декора плоскостей, тяготеющие к «изящной» школе западноказахстанского камнерезного искусства. Кладбище посещается паломниками.

Некрополь Алтын - расположен в 4 км северо-восточнее п. Ортақшыл Махамбетского района Атырауской области. На некрополе имеется около десяти мавзолеев, 3-4 десятка саганатамов и несколько десятков кулпытасов. В зависимости от масштаба и техники изготовления в некрополе встречаются очень редкие образцы камнерезного искусства. В качестве примера может служить необработанная каменная колонна, расположенная в западной части некрополя. Этот необычный символический памятник своим очень древним видом отражает идею о мировом дереве – символической коновязи, соединяющей, по представлениям древних тюрков, небесный свод, средний и нижний миры. По мнению исследователей, колонна подобна окаменевшему деревянному

надгробию, в Абат-Байтак в Актюбинской области. По преданию название некрополя Алтын – Золотое – происходит от имени погребенной здесь девушки, погибшей от рук разбойников. Согласно легенде, когда-то давно у одного бая было 9 дочерей. Старшую дочь отец назвал Алтын. Вслед за старшей родилось еще семь дочерей и отец, ожидавший сына, в огорчении от рождения девятой дочери назвал младшую Катын.

Некрополь Оскенбай - расположен в 30 км восточнее п. Есбол Махамбетского района Атырауской области. В некрополе входят кулпытасы и мавзолей. Мавзолей имеет оплывшую форму, вследствие атмосферных воздействий. Памятник традиционной культовой архитектуры из сырцового кирпича начала XIX века, объемно-планировочной композицией напоминающий известный памятник VIII-IX в.в. в Центральном Казахстане, мавзолей Домбаул. В интерьере, в северо-западной стене, расположена винтовая лестница, с выходом к куполу в северном углу мавзолея.

Бейит Жанал (Жаналы) - расположен в 15 км северо-восточнее п. Ортақшыл Махамбетского района Атырауской области. Насчитывает около 40 надмогильных сооружений и являет собой типичный степной казахский бейит. Он представлен, в основном, остатками сырцово-глинобитных оградок, а также надмогильных насыпей с глинистой заливкой, у большинства из которых с западной стороны установлены камнерезные стелы-кулпытасы. Согласно тамгам и, отчасти, эпиграфики надмогильных стел-кулпытасов на данном кладбище-бейите в основном производились захоронения представителей привилегированного султанского сословия «торе», а также, возможно, дружинников толенгутов. Кроме того, имеются единичные захоронения представителей родов бериш ысык Младшего жуза.

На фотографиях приведены некоторые объекты в городе Атырау, памятники Дине Нурпеисовой, султану Бейбарсу, Исатаю и Махамбету, 360-градусная съемка Успенского собора, съемки с квадрокоптера мавзолей Жубана. Мавзолей расположен на возвышенности в 90 км к северу от города Кулсары, в Жылыойском районе. Общая высота мавзолея - 9,95 м. Мавзолей Жубана представляет из себя однокамерное купольное сооружение, с дверью на север. С композиционной точки зрения памятник делится на две основные части: массивное четырехугольное основание и шлемовидный купол на барабане.



Батыс Қазақстан өңірі тарихында Бөкей Ордасы аумағының бай революциялық, тарихи-мәдени дәстүрлері мен еңбек жетістіктерін бейнелейтін даңқты беттері аз емес. Сол сияқты бұл өңір көне дәуірден бергі Ұлы Дала төсінде талай ғасырлық маңызды оқиғалардың куәгері болып, талай сырды ішіне бүккен тарихи-мәдени ескерткіштерге аса бай өлке. Алайда ұзақ жылдар бойы халықтың рухани және материалдық мәдениетінің әлемі бұрмаланып келді, толық жарияланбады. XX ғасырда тарихтың қатыгез қолы біздің санамыз бен мәдениетіміздің жарқын беттерін жоюға әрекеттенді. Мүмкін көбі жоғалған да шығар. Алайда халық бар жерде мәдениет бар. Қазіргі кезде Бөкей Ордасында тарихшылар, археологтар және этнографтар кеңінен зерттеп жүрген көптеген мәдени мұра ескерткіштері сақталған. Кейін олардың түзетуге келгендерінің көбі мүмкіндігінше қайтадан қалпына келтірілді. Бірі өз заманының құнды тарихи жәдігері ретінде мұрайжайлық сипатта қалдырылса, бірі бүгінгі ұрпақтың игілігі үшін әлі де қызмет атқарып келеді. Қалай десек те, Батыс Қазақстан облысының тарихи жауһарларының бірі – Бөкей Ордасының тарихи-мәдени жәдігерлері қырысыры мол дүниелер, ұрпақ үшін бергені де берері де көп, алайда әлі де өзінің тарихи бағасын ала алмаған бабалар аманаты.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек», - деп атап көрсеткен. Ендеше, еліміздің тарихының маңызды бөлігін айқындап беретін Бөкей Ордасы тарихы тұңғыық терең, бірақ сол терең қатпарларда

БӨКЕЙ ОРДАСЫ ТАРИХЫ: маңызы мен халықаралық туризм орталығы ретінде перспективасы

қатталып қалмай, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Күні бүгінге дейін өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр.

Бөкей Ордасы Ресей тарапынан Ішкі Орда деген атпен белгілі. Орда 1801-1845 жылдары Еділ мен Жайық өзендері аралығында болған қазақ хандығы. XVIII ғасырдың соңына қарай Кіші жүзде Қаратай, Жантөре, т.б. сұлтандардың таққа таласып, өзара қырғи-қабақ болуы халықтың тұрмыс-тіршілігін күйзелтті. Саяси-экономикалық дағдарыстан шығу үшін Кіші жүз қазақтарының дені тіршілік етуге қолайлы жерлерге көшуді көкседі. Сондай жерлердің бірі - Жайық пен Еділ аралығындағы Нарын құмы. Бұл өңірді қалмақтар тастап кеткеннен кейін (1771 ж) ешкім қоныстанбаған болатын. «Қалмақ аймағы» деп аталатын осы жерге Кіші жүз қазақтары үлкен үміт артты. Бөкей хан 1801 жылдың басында Нарынды тұрақты қоныс етіп бекітіп беру жөнінде І Павелден рұқсат сұрады. І Павел өзінің 1801 жылғы 11 наурыздағы жарлығымен Бөкей сұлтанның тілегін орындады. Ресей өкіметі бұдан ұтылған жоқ. Кіші жүз екі иелікке бөлінді. Екіншіден, Еділ мен Жайық аралығындағы сауда жолдары (қазіргі кезде халықаралық сауда жолдары) қауіпсіздендірілді. Ресейдің Қазақстанға ықпалы күшейді. Бөкей Ордасының нақты шекарасы, сонымен қатар, жәрмеңке орындары белгіленді. Бөкей Ордасы жеті өкімшілік бөлікке бөлінді. Тұрақты мекендердің ішіндегі ең белгілісі – Хан Ордасы, Жаңа Қазан және Талов мекендері еді. Орда аймағында түрлі халықтар – қазақтар, қарақалпақтар, татарлар, бұқарлықтар, хиуалықтар, орыстар, армяндар т.б. ұлт өкілдері тұрды.

1717 жылдан бастап бұл аймақ Астрахань губерниясына қосылып, 1785 жылы Астрахань губерниясы Кавказ наместнигінің құрамына енгізілді. Астрахань және Саратов губерниясының Еділ өзенінің шығысындағы шекарасы Эльтон көлінің оңтүстігінде шектеседі. Бұл Эльтон көлін, одан алынған тұзды Покровск мен Николаевкаға жеткізілетін тұз тасымалдау жолымен қоса, тұтасымен Саратов губерниясының солтүстік-шығысында Новоузенскіге, оңтүстігінде Каспий теңізіне дейінгі Еділ-Жайық өзендерінің аралығы Астрахань губерниясына бағындырылды.

Мұрағаттардағы тарихи құжаттарды жан-жақты зерделеу нәтижесінде Жәңгір жөнінде шынайы тұжырымдар жасаған С.Зиманов, И.Кенжалиев, Ө.Сарай, К.Есмағамбетов секілді зерттеуші-ғалымдар өздерінің еңбектерінде атап өткен. Жәңгір ханның қоғамдық-саяси қызметіне қатысты «Бөкей хандығының тарихы» атты құжаттар мен материалдар жинағында да мұрағаттық мол мәліметтер жарияланған.

Жәңгір Бөкей Ордасының ханы Бөкей мен екінші әйелі Атанның жаңұясында 1801 жылы дүниеге келді. Жәңгір хан - қазақ тарихындағы күрделі тарихи тұлғалардың бірі. Жәңгір - шын мәнінде Бөкей Ордасындағы қоғамдық-саяси өмірінде оқу-ағарту ісіне, денсаулық сақтау ісіне белгілі дәрежеде еңбек сіңген тұлға. 1815 жылы Нұрғали хан ұрпақтарының сол тұстағы үлкені Бөкей хан қайтыс болады. Тарихи деректерге сүйенсек, Бөкей ханның айықпас дертке шалдыққаны 1814 жылдың басында-ақ

белгілі еді. Ол жөнінде есауыл Рябовтың Астрахан губернаторы С.С.Андреевскийге жазған хатында баяндайды.

Бөкей Ішкі Ордаға өткеннен кейін Сарайшықта тұрды. Жәңгірдің балалық шағы осы Сарайшықта өткен. Сол кезеңдерде Сарайшық Жайық казак-орыс әскерінің бекінісі болатын. Деректерге қарағанда болашақ хан он төрт жасында Астрахан азаматтық губернаторы С.С.Андреевскийдің үйінде жатып, сол заманғы лайықты орысша білім, еуропаша тәлім-тәрбие алып өсті. Әкесі Бөкей хан қайтыс болған тұста Жәңгір он төрт жаста болатын. Дегенмен де хан тағы ата дәстүр бойынша мұрагерлік жолмен Жәңгірге берілген. Бар-жоғы қырық беске жетер-жетпес ғұмырының жиырма жылында хан тағына отырып, ел биледі. Жәңгірдің орыс, неміс, татар, араб, парсы тілдерін білуі және Орынбор, Астрахан, Санкт-Петербург, Москва, Қазан қалаларында және Кавказда болған сәттері көптеген ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерімен танысуға игі ықпалын тигізді. Орыс ғалымдары А.Харузин, И.Казанцев, И.С.Иванов, саяхатшы, географ Г.С.Карелин, В.И.Корнеев, Э.Д.фон дер Брюгген, М.Л.Кожевников, М.Н.Донцов, жазушы А.Ф.Ребров, неміс ғалымы К.Гебель, т.б. хат-хабар алмасып, пікір алмасып тұрды. Ханның жеке кітапханасында «Отечественные записки», «Русский инвалид», «Северная пчела», «Сенат-ские ведомости», «Современник», «Астраханские ведомости», «Саратовские ведомости» газет-журналдары болды. Хан ордасында болған саяхатшылар мен ғалымдар кітапхана қорымен танысып тәнті болғандарын өздерінің естелік жазбаларында қалдырған.

Жәңгір 1839, 1844 жылдары Қазан қаласына барған сапарында Қазан императорлық университетінің кітапханасына мың бес жүз рубль тұратын түрік,

парсы, араб тіліндегі «Моңғол хандарының тарихы», «Парсы тілінің сөздігі», «Бірінші халифтар тарихы», «Халықтар тарихы», т.б. баға жетпес қолжазба шығармаларын тапсырады. 1844 жылы Жәңгір Бөкейұлы Қазан университеті кеңесінің құрметті мүшесі болып сайланады. Сол жылдың қараша айында ол құрметтері үшін университеттің проректоры Ф.И.Эрдманға шексіз алғысын білдіреді. Сонымен бірге университетпен тығыз қарым-қатынас жасап тұратындығын, алдағы уақыттарда бұқаралықтар арқылы Бұқара қаласынан қолжазбалар мен ескі теңгелерді алдыруды көздеп отырғанын назарына береді. Ф.И.Эрдман Жәңгірдің бұл хатын Қазан университеті кеңесінің назарына беріп, шығыс тілдері бөліміне қажетті араб, парсы, түрік тілдеріндегі кітаптар тізімін жасақтап ұсынған.

Хан қараша-желтоқсан айлары мен 1845 жылдың наурыз айларында шығыстанушы, ғалым, профессор А.К.Камзабекпен хат алмасып тұрған. 1844 жылы Қазан қаласында Жәңгірдің «Мұхтасар әл-фикһайат» аталатын еңбегі жарық көрді. Жәңгір сонымен қатар, асыл тұқымды жылқы өсірумен, қазақ шежіресін жинаумен де шұғылданды. Мұсылмандық қағидатты ұстаған ханның жеке өкімімен 1835 жылы Ордадағы әсем ғимараттардың біріне саналатын мешіт үйі бой көтерді.

Ханның ағарту саласындағы елеулі еңбегінің бірі 1841 жылы өзінің жеке қаражатымен мектеп ашуы болды. Балаларды оқыту үшін оқытушыларды шақырту ісін қолға алды, еңбек ақысы хан қазынасы арқылы төленіп отырды. Сонымен қатар мұсылмандық білім беру мәселесіне де көңіл бөліп, білімді молдаларды Орынбор мен Орта Азиядан шақыртты. Мектепте орыс, қазақ, татар, араб тілдері, грамматика, арифметика, тарих, географияның бастауыш негіздері, исламның ережелері мен заңдары оқытылды. Мектептің тиісті оқу құралдарымен толық қамтылуын жыл сайын қазан айынан мамыр айы аралығында ханның өзі бақылауына алып отырды. 1844-1845 жылдары мектепте сұлтандар мен старшындардың 30-дан астам балаларымен бірге ханның балалары Ибрагим, Ахметгерей, Исмаил да оқыған. Оқу барысында оқушыларға дінтану, орыс тілі грамматикасы, тарихтан бақылау жұмыстарын жүргізді. Хан мектебінің басты мақсаты сұлтандар мен старшындардың балаларын алғашқы дайындықтан өткізу және олардың қабілеттілерінің оқуын әрі қарай жалғастыру болды. Аталған мектепте кейін көрнекті тұлғалар М.С.Бабажанов, К.Шығайев, М.Бекмұхамедов, С.Меңдешов, т.б білім алды. 1845 жылы 11 тамызда 43 жасында Жәңгір хан кенеттен қайтыс болды.

Жәңгір ханның өз халқы үшін жасап кеткен өлшеусіз еңбегін көріп, оның өмірінің қалай болғандығын, халқын тек қана жақсылықпен Ислам шариғатына сай басқарғанын, білімді де білікті, халқына адал, білім мен мәдениетке өте жоғары деңгейде көңіл бөлгендігін көруге болады. Өз заманының лайықты ханы болған Бөкейұлы Жәңгір хан Ресей Патшалығымен біріге отырып, екі жақты позиция ұстанып халқына мәдениет пен білімді әкелді. Бөкей Ордасынан Бөкейұлы Жәңгір ханның барлық жасаған еңбегін музей аумағында орналасқан

жәдігерлер арқылы, сол кезден сақталып қалған Жәңгір ханның өзінің үйі және қазына орталығы мен өзі арнайы салдырған қыздар мен ұлдарға арналған мектебін көру арқылы көз жеткізуге болады.

Қазіргі кезде бұл жерде Бөкей Ордасы тарихи-мұражай кешені қалыптасқан. Бөкей хандығының тарихымен терең танысып, белгілі тұлғалардың басына тәу етіп Хан Ордасы ауылына алыс-жақын аймақтардан арнайы ат арылтып келушілер еш толастаған емес. Әсіресе, көненің көзін қастерлеу жұмыстары басталған 2002 жылдан бастап, құнды жәдігерлерге бай мұражай тек оқымысты-ғалымдардың ғана емес, туристердің де зор қызығушылығын тудырып отыр. 1962 жылы Ордадағы тарихи-революциялық музей ретінде балансқа алынған тарихи ғимараттар қайта жаңартылып, мұнда музейлендіру жұмыстары жүргізілгеннен кейін тарихи мұражай кешені деңгейіне көтеріліп, қазына үйінде Бөкей Ордасы тарихи музейі, Хан сарайының сақталған шығыс бөлігінде қару-жарақ палатасы және бұрынғы орнында қайта тұрғызылған Хан мешітінде тәуелсіздік мұражайы ашылған. Араға екі жыл салып, 2007 жылы мұражай кешенінде бұрынғы қыздар гимназиясы ғимараты да жаңартылып, онда білім беру музейі ашылған. Алғаш ашылғанда мұнда 55 экспонат болса, қазір жалпы саны 11 мыңға жуықтаған жәдігерлер музейдің тарих шырақшысы, ұрпақтан-ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін қор тарихи орнына айналған.

Жалпы алғанда тарихи-мәдени жәдігерлерді көзбен көріп, тарихын тану арқылы Жәңгір ханның қалай ел басқарып, қалай Ислам дінін ұстанып, қалай ғылым мен білімге көңіл бөлгендігін, ағартушылық істерін, қалай халқының денсаулығы мен әлеуметтік жағдайын жақсартуға көңіл бөлгенін көруге болады. Аталған аумақта туристік саяхат жасау арқылы еліміздің XVIII-XIX ғасырлардағы тарихынан мол мағлұматтар алып



қана қоймай халықаралық дәрежедегі өзара білім мен ғылым алмасу, экономикалық-қаржылық сауаттылық, дипломатия барысынан мол тәжірибені де игеруге болады. 1868 жылы Хан ставкасында қазынашылық үйі салынып, бұл Қазақстандағы ең алғашқы банк қызметін атқарған болатын. Қазіргі кезде сол ғимарат қаз-қалпында сақталған.

Қазіргі кезде Бөкей Ордасы музей кешенінің балансында 17 тарихи ғимарат тіркелген, соның сыртында 47 тарихи ғимарат Хан Ордасының ішінде сақтаулы. Әр ғимараттың өз тарихы бар.

Бөкей Ордасындағы ондаған ғимараттардың сыртқы келбетінен-ақ Ішкі Орда тарихымен толық танысып, сол жерге қарасты хандық кезеңінен осы уақытқа дейінгі аралықты қамтитын тарихи құнды түпнұсқалық негіздегі мәліметтер әлі талай жас ғалымдардың ғылыми шығармаларына арқау болары сөзсіз. Осындай тарихи бастама ретінде, рухани жаңғыру негізінде біз, жас тарихшылар, бұрынғы өткен тарихымызға өте қарқынды түрде қайта оралып, ашылмаған деректерді қайтадан зерттеп, оларды зерделеуіміз керек. Болашақ жас ұрпаққа қалатын нәрсе ол тарих өлемінің зерттеулері мен жаңалықтары. Осындай тарихи жерлерге экспедициялардың ұйымдастырылуы, тарихи танымдық туризмнің жолға қойылуы бізге, жас тарихшыларға өте қажетті маңызды да рухани тұрғыдан керек дүние екендігін ескеріп, осындай тарихи тағылымы мен экономикалық әрі саяси қажеттілігі зор мақсаттың жүзеге асырылуы үшін бар күшімізді салуымыз керек деп ойлаймыз.

Т.З.РЫСБЕКОВ,

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың профессоры, ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы

Д. ЫСҚАҚОВА,

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың I курс магистранты

ЖОЛДАУДЫҢ

«ЖАУАПТЫ МЕМЛЕКЕТ – ЖАУАПТЫ ҚОҒАМ – ЖАУАПТЫ АДАМ» - БІЗДІҢ ТАЛАБЫМЫЗ!

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Палаталарының бірлескен отырысында «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын жариялап, елімізді одан әрі дамыту стратегиясымен таныстырды.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемияға қарсы сын сағатта ынтымағы жарасқан халқымыз жұдырықтай жұмылған сәтте тосыннан келген кеселге тосқауыл бола білген дәрігерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, еріктілерге, кәсіпкерлерге және бей-жай қалмаған барша азаматтарға өз алғысын білдірді. Одан соң кейбір олқы тұстарды екшей келе, Үкімет жіберілген қателіктерден сабақ алып, жұмысты жедел жолға қоя білгендігін және ахуалдың жақсаруы босаңсуға себеп емес екенін ашық айтты.

Мен студент ретінде қашықтан білім алудың қаншалықты қиынға соққанын ескере отырып, Президент Жолдауының мына бір тұсы көңілге қуаныш ұялатқанын жасырмаймын:

«Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет. Дегенмен, сапалы білім алу үшін әдеттегідей сабаққа қатысып, мұғалімдермен және сыныптастармен араласудың орны бөлек. Сондықтан, санитарлық талаптарды сақтай отырып, білім алудың қалыптасқан дәстүрлі тәсіліне қайта көшудің тәртібін әзірлеген жөн,- деді ел Президенті.



қабылдауымыз керек екенін де еске салды. Сонымен қатар, Президент жүктеген маңызды бағыттарды да атап өтуге болады. Соның ішінде пандемия өршіп тұрған кезде халық үшін аянбай еңбек еткен бүгінгі күннің батырларына да ерекше назар аударды. Атап айтсақ:

- Дәрігерлер жалақысын 2025 жылға дейін кезек кезеңімен өсіру;
- Мұғалімдер жалақысы 2021 жылдан бастап 25%-ға өсіп отырады;
- Учаскелік полиция мәртебесі артады;
- Білім - ғылымға, зерттеуге қаржының көп бөлінуі.

Жалпы, жыл басынан ел Президентінің халық игілігі үшін қабылдаған шешімдері мен жасаған оңды әрекеттері көңіл қуанып келеді. Келер жылда да осындай жағымды жаңалықтар күтеміз!



Жәнібек НҰРСҰЛТАН,
Физика-математика факультетінің 4-курс студенті

Өзекті мәселе, нақты міндет

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев күрделі кезеңде Қазақстан халқына кезекті жолдауын жариялады. Оның басым бөлігі экономикалық, әлеуметтік мәселелерге арналған. Өз жолдауында Қ.Тоқаев бірқатар мәселе көтеріп, үкіметке нақты міндеттер жүктеді. Солардың қатарында ауыл шаруашылығын дамыту, пандемиядан зардап шеккен кәсіпкерлікті қолдау, білім және ғылым саласы, мұғалім жалақысын көтеру, заң үстемдігі, жемқорлықпен күрес, цифрландыру және т.б. бар.

Мемлекет басшысы пандемия жағдайында ел алдында тұрған басты міндет әлеуметтік-экономикалық

Қазақстандықтарды білімді болуға, ерінбей еңбек етуге, жауапкершілігі мол, адал, әділ болуға шақырды. Біз сонда ғана бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыра алатынымыз хақ.

Жолдауда қойылған міндеттер мен берілген тапсырмалар уақытылы әрі сапалы орындаларына, Қазақстанымыздың әлеуеті артып, халқымыздың әлауатының өсеріне сенімдімін.

Мағжан СМАҒҰЛ,
Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 3-курс студенті

НАС ЖДЁТ НОВАЯ ЭРА

В сегодняшнем Послании Президент Казахстана К.Токаев поднял очень много важных вопросов. Было сказано, что пандемия может продлиться еще два года, что, конечно, совсем не радует, но мы должны быть готовы к любому сценарию.

Также поддерживаю необходимость в ужесточении закона о педофилии. И еще, самое лучшее решение, на мой взгляд, это то, что наше старшее поколение - наши родители, будут иметь возможность с 2021 года распоряжаться частью своей пенсии на образование детей и свое лечение...

И, безусловно, всех нас, студентов, порадовало известие, что Касым-Жомарт Токаев поручил правительству разработать порядок возврата учебных заведений Казахстана к очной форме обучения с соблюдением всех санитарных норм.

Если в общем, то в этом Послании мы услышали много нового и полезного, что предстоит еще обдумать



Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Жүшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.

Ахмет Байтұрсынұлы

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, жаңа заман талаптарына сәйкес экономикалық даму, өнеркәсіп әлеуетін күшейту, ауыл шаруашылығы саласын, шағын және орта бизнесті дамыту туралы, отбасылық-демографиялық жағдайына және балалардың құқығы мен қауіпсіздігі, денсаулық сақтау, ұлт сапасы, т.б. жайында бірқатар бастамалар көтерді.

Түйген ойымды түйіндей келе, біз, жас буын ерінбей еңбек етуге бейімделіп, кез келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асыруға машықтанып, Ұлт сапасын арттыруға атсалысумыз керек.

Біздің міндетіміз - халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Осы орайда, Президент «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Жүшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» - деген Ахмет Байтұрсынұлының, Абайдың «Өңкей жалған мақтанмен, шынның бетін бояйды» деген көзқарастарын алға тартты. Бұл мәселе бүгінгі күні зор маңызға ие болып, өзекті тақырыпқа айналды.

Әділдіктен айнымауды, темірдей тәртіп ұстануды, адалдық, ұқыптылықты ту етуді назарға алсақ, «Жауапты мемлекет – жауапты қоғам – жауапты адам» жүйесі берік орнықса, қоғам өз биігіне көтерілетініне кәміл сенемін!

Шұғыла ЕҢСЕП,
Филология факультетінің 2-курс студенті

Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс қимыл кезеңі

Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс қимыл кезеңі» атты жолдауын жариялады.

Жоғары билік өкілдеріне қандай да бір мәселе туындаса да шұғыл шешім қабылдамай, нақты іс-әрекет жасау керектігін ескертті. Қазір әлем үлкен дағдарысты бастан кешіріп отыр. Осынау қиын кезеңде біз халықтың хал - ахуалын жақсарту мақсатында оң шешімдер



тұрақтылықты, жұмыс орындары мен халықтың табысын сақтап қалу екендігін айтты.

Пандемия салдарынан әлемде орын алған дағдарыс біздің ел экономикасын да айналып өтпеді. Осының салқыны, әсіресе, шағын және орта кәсіп өкілдерін табыссыз қалдырды. Қасым-Жомарт Кемелұлы кәсіпкерлерді қолдау жұмыстары жүргізілгенін,

дегенмен жағдайдың сонда да қиын екенін айтып, қамқорлық көрсетуді одан әрі жалғастыру керектігін атап өтті.

Қазақстан өнеркәсіптік әлеуетін толық пайдалана алмай келеді. Ішкі нарықты толыққанды дайын өніммен қамтамасыз ете алмай отыр. Осы орайда Президент қайта өңдеу өнеркәсібін дамытуды жолға қою қажеттегіне тоқталып, жыл соңына дейін «Өнеркәсіп саясаты туралы» заңды әзірлеуге тапсырма берді.

Мемлекет басшысы қоғамда жиі талқыланатын жер мәселесін де назардан тыс қалдырмады. «Келер жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мәселесі бойынша Жер кодексінің кейбір нормаларына қатысты енгізілген мораторий күшін жояды. Жеріміз шетелдіктерге сатылмайды» - деп резонансты мәселенің нүктесін қойды.

«Қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық ахуалды оңалту күн тәртібіндегі маңызды мәселе», - деді Президент. Үкіметке экологиялық жағдайды жақсарту бойынша тапсырма берді. Алдағы бес жылда орман қорына екі миллиард, елді мекендерде он бес миллион ағаш отырғызылатынын жеткізді. Сонымен қатар, өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беруге назар аудару керектігіне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс», - деді.

и обсудить.

Я думаю, нас ждёт новая эра. Наша страна будет меняться, и, надеюсь, в лучшую сторону. А всем нам нужно трудиться и всесторонне развиваться.

Дария ДЖУМАГАЛИЕВА,
РЯЛ-32

Бірлігіміз бен ынтымағымыз мығым болса...

2020 жылдың 1 қыркүйегінде еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жолдауы болды. Президент жолдауды ең алдымен әлемде болып жатқан пандемияға қатысты бастады. Индетке қарсы күресте дәрігерлер, әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдарына және еріктілер тобына көрсеткен еңбектері мен көмектері үшін алғысын білдірді. Сонымен қатар индетке қарсы күрестің әлі де жалғасып жатқанын айтып өтті.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету барысында президентіміз жаңа іс-қимыл жоспарын баяндады. Ол - ең алдымен жаңа үлгідегі мемлекеттік басқаруды енгізу. Еліміз тек мұнайға ғана тәуелді болмайтындай әлемдік нарықтағы жаңа ахуалға дайын болу керектігіміз айтылды. Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет – өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалану. Ұлттық экономиканың стратегиялық қуатын арттыру үшін тез арада қайта өңдеу ісінің жаңа салаларын дамыту қажет. Бұл қара және түсті металлургия, мұнай химиясы, көлік құрастыру және машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндіру және басқа да салаларды қамтитындығын атап өтті. Келесі мәселе ретінде елімізде түгелдей аумақтық теңгерімді



жүгі сәлемдесті

ретке келтіру, моноқалалардың, ірі металлургиялық кәсіпорындар орналасқан қалалар мен еліміздің түкпір-түпіріндегі өндіріс көздерін, технология, өнеркәсіптік салаларын дамыту қажет. Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын қалыптастыру және дамыту, денсаулық сақтау саласын дамыту, цифрландыру мәселелерін көтерді. Сонымен қатар қолжетімді әрі сапалы білімге тоқтала келе, әлемдегі індетке байланысты қашықтан оқуға көшкен мектеп оқушылары мен студенттердің оқудың қалыптасқан дәстүрлі түріне қайта көшу тәртібін әзірлеуге жұмылдырды. Мұғалімдердің жалақысын 2021 жылдың қаңтар айынан бастап 25%-ға көбейтетінін атап өтті. Қорытындылай келе, Президентіміз қиындықтарға мойымай, тек алға жылжуымыз керектігін айтты. «Бірлігіміз бен ынтымағымыз мығым болса, барлық қиындықты жеңіп, мақсатымызға жетеміз», - деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Айнара КАБИБУЛЛИНА,
Органикалық заттардың химиялық технологиясы
мамандығының 4-курс студенті

Жаңашылдық – заман талабы

1 қыркүйек күні Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жеткізген болатын. Дағдарыстан кейінгі ел жағдайын саралай отырып, Президент нақты тапсырмалар берді. Соның ішінде ел үшін маңызы бар бағыттар өте көп. Олардың бірі бүгінгі күні пандемиямен күрес барысында қызметтері артып, ауыртпашылықтары көбейген мұғалімдер мен дәрігерлерді ерекше атап өтуге болады. Олардың жалақысын арттыру маман үшін ерік - жігер беретіндей, әрі үлкен қолдау.

Тағы бір айта кетерлік нәрсе – педофилдерге заңның күшеюі. Саналары ақ парақтай кіршіксіз таза жас сәбилерді қорлаған «адам» деуге ауыз бармас жандарды қатаң жазалау керек деп ойлаймын. Заңның қаталдығы осы тұста көрінгені дұрыс.

Елбасымыздың халық үшін маңызы бар игі істері алда әлі талай көрініс табатынына сенемін.

Асыл ҚҰРАМЫСОВА,
Физика-математика факультетінің 2-курс студенті

Жолдау білім-ғылымға да міндеттер жүктейді

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деген тақырыпта халыққа жолдау жасады. Бұл жолдаудағы басты мәселенің бірі - коронавирус індетінің салдарынан дүние жүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшкені.

Қашықтан оқыту ісін ашығын айтқанда, әлі күнге дейін нақты бір онлайн-платформа жоқ екенін және толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет екенін айқындап көрсетті. Сонымен қатар білім саласындағы басты мәселенің бірі – ұстаздар жалақысының аздығы туралы мәлімдеме жасады. Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Бауырларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек. Бұл мақсатқа алдағы үш жылда қосымша 1,2 триллион теңге бөлінетіні туралы да сөз қозғады. 2025 жылға қарай 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100 пайыз қамтамасыз етуді тапсырды.

Президентіміз 2021 жылдың қаңтар айынан бастап мұғалімдердің еңбекақысын 25 пайызға көбейту жөнінде шешім қабылдады. Жалақы мөлшерінің алдағы уақытта да арта түсетінін айтты. Бұл мұғалімдердің оқушыларға қазіргіден де сапалы білім беретіне сенімім мол!

Жұлдыз ӨТЕЛГЕНОВА,
Биология мамандығының 4-курс студенті

Даму жолындағы тағы бір белес

1 қыркүйек күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауын жариялады. Президентіміз бұл жолғы Жолдауында бүкіл жер бетіне, елімізге таралған індеттің әлі күнге жалғасып келе жатқанын айта отырып, індетпен күресуге күш салып жатқан барша дәрігерлерге, құқық қорғау органдарына, кәсіпкерлерге, еріктілерге және барлық азаматтарға алғысын жеткізді. Сонымен қатар, осы күрделі жағдайдағы алдымызда тұрған басты міндет - әлеуметтік, экономикалық тұрақтылықты сақтау керектігін айта отырып, дағдарысқа қарсы жедел шаралардың екі топтамасын қабылдады. Оған қоса, Президент Қазақстан экономикасы негізделуі тиіс жеті қағиданы айтты. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында республика ауылдары мектептердегі білім беруді жетілдіру, жоғары оқу орындары жұмысының сапасын және ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру мәселесі де көтерілді.

Президент өз Жолдауында көрсеткендей, әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі білім беру сапасын жетілдірумен тығыз байланысты. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «маман даярлау ісі еліміздегі және ғаламдағы еңбек нарығынан тыс қалмағаны жөн». Сөйтіп, Мемлекет басшысы еліміздің жоғары оқу орындарының алдына бәсекеге қабілетті, білікті маман дайындау, олардың оқу бітіргеннен кейінгі «өмірден өз орнын табу», яғни жұмысқа орналасу мәселесін қатаң қадағалаумен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын сапалы жүргізіп, оны коммерцияландыру бағытында қарқынды және нақты жұмыстарды жасауға үлкен міндеттер артып отыр.

Президент өз Жолдауында қоғам мен биліктің өзара ықпалдасқан іс-қимылының осы түрін неғұрлым сындарлы деп есептей келе, азаматтарды ашық диалогқа шақырады. Президент өзекті, шешімін күтіп тұрған мәселелердің бар екенін ашық айта келе, оларды шешудің ұтымды жолдарын ұсынды. Сондықтан алдағы уақытта Қазақстан халқы күш-жігерімізді жинап, бір жұмылып жұмыс жасауға дайын болуымыз керек.

Айгерім ШАХМЕТОВА,
Биология-ағылшын мамандығының 3-курс студенті

Жолдау бағыттары – мәселеге шешім

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 1 қыркүйегінде елімізге «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауын жариялады. Президентіміз жолдаудың басын «Елімізде әлемге зор қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес әлі де жалғасуда» деп бастады. Осындай індеттің ұзаққа созылуына байланысты Президентіміз дәрігерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және осындай ауыр кезеңде бей-жәй қалмаған барша азаматтарға шын жүректен алғысын білдірді. Мен де осындай біріккен еңбек пен жұдырықтай жұмылған күш-жігердің өзі Отанымызға деген шынайы сүйіспеншіліктің белгісі деп санаймын. Қазіргі күрделі жағдайда алдымызда тұрған басты міндет – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтап қалу. Президентіміз жолдауында дағдарысқа қарсы жедел шаралардың екі топтамасы қабылданғанын атап өтті. Оның біріншісі уақытша табыссыз қалған азаматтарға 42 мың 500 теңге көлеміндегі көмек болса, екіншісі миллионнан астам тұрғындарға азық-түлік пен тұрмыстық заттар жағынан көмек болып табылады. Президентіміздің әрбір айтқан сөзі мемлекетіміздің дамуы мен жағдайымыздың жақсаруына бағытталған шешім деп білемін. Сонымен қатар, Президентіміз өз жолдауында қолжетімді әрі сапалы білім туралы да сөз қозғады. Яғни, коронавирус індетінің салдарынан әлем бойынша оқушылар мен студенттердің көпшілігі қашықтан оқытылып жатыр. Әрине, қашықтан оқытудың артықшылығына қарағанда кемшілігі әлдеқайда басым. Дегенмен, сапалы білім қазіргі таңда әрбір оқушы мен студент үшін маңызды болып отыр. Сол себепті де Президентіміз толыққанды

оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл түрде әзірлеу қажеттігін айтты. Ендігі біздің тарапымыздан күтілетін көмек еліміздің басшысына барынша қолдау көрсетіп, қойылған мақсаттарға бар күш-жігерімізді жұмылдыру деп білемін.

Сандуғаш ЕРМУХАНБЕТОВА,
Химия мамандығының 3-курс студенті

Жолдау жолымен білім биігіне

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» тақырыбындағы Жолдауының басында елімізде жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес әлі де жалғасуда екендігін, азаматтардың өмірін және денсаулығын қорғау үшін бар күш-жігерімізді біріктіргенімізді, осындай сын сағатта ынтымағы жарасқан халқымыз жұдырықтай жұмылғандығын айтып өтті. Президентіміздің биылғы Жолдауының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деген атпен аталуының өзінде үлкен мән бар. Көңілге сенім ұялатқан Жолдауда пандемия кезеңі тек біздегі емес, жалпы жаһандағы жағдайды жаңаша қалыптастырғанда Қазақстанның ұстанатын бағыты қандай болу керектігі де кеңінен айтылды.

Жолдауда көз көретін, көңіл сенетін, көпшілік қолдайтын нақты мәселелер айтылды. Президент айтқан мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі бүгінгі заманның талабы деп білемін.

Біздің назарымызды аудартқаны - жолдаудағы білім беру саласына қатысты мәселелер. Білім беру сапасын жақсартуда жақсы білікті мамансыз алға ілгерілеуді елестету мүмкін емес. Бұл - ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы. Жолдауда шалғайдағы елді мекендерге білікті жас мамандарды жұмылдыру қажеттігі айтылды. Сондықтан оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет. Жалпы білім саласын дамыту бойынша берілген тапсырмалар еліміздің дамуына өзінің айтарлықтай үлесін қосары сөзсіз.

Мен, Пазылова Гүлайым Жаратылыстану-география факультетінің студенті, Президентіміздің алға қойған міндеттері мен іс-қимыл жоспарларын толық қолдай отырып, үлкен жауапкершілікпен қарауға шақырамын!

Гүлайым ПАЗЫЛОВА,
Химия-ағылшын мамандығының 3-курс студенті

Жолдау - білімге қолдау



Президент Қ.К.Тоқаев өз жолдауында зияткер ұлт қалыптастыратын 6 қағидатты ұсынды. Жастарға арналған бірегейлі білім алу, бәсекеге қабілетті маман болу сынды өз идеяларын қоса отырып, қағидаттарды ұстануға шақырды. Жастар жарқын болашақтың иегерлері, олардың кез келген істе жан-жақты болулары білімнен екендігін айтып өтті.

Президент өз жолдауында: «Коронавирус індетінің салдарынан дүние жүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Бұл жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде.

Ашығын айтқанда әлі күнге дейін нақты бір онлайн-платформа жоқ. Мұғалімдер, оқытушылар және ата-аналар күндіз-түні WhatsApp-тан бас көтермейтін болды. Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет. Дегенмен, сапалы білім алу үшін әдеттегідей сабаққа қатысып, мұғалімдермен және сыныптастармен араласудың орны бөлек. Сондықтан, санитарлық талаптарды сақтай отырып, білім алудың қалыптасқан дәстүрлі тәсіліне қайта көшудің тәртібін әзірлеген жөн», - деді.

Қамажай МЕҢДІХАН,
Химия кафедрасының оқытушысы

Студент болу – бұл...

Ендеше, сіздерді жаңа оқу жылдарыңызбен құттықтай отырып, төмендегідей кеңес береміз:


1. Іздеп табу қабілеті

Жоғары оқу орнында мәліметті іздеуге бағыт-бағдар сілтенеді, ал студенттер сол бағыт бойынша өздері ізденеді. Мәліметтерді дер кезінде табу оңай емес. Мамандық алып шығамын деген талапкер осыған дағдылануы керек.



2. Өз бетімен оқу

Ақпаратты іздеу – бұл аз. Оның арасынан өзіне керекті ғана алып, түсініп, санаға жүктеу керек. Өзгенің миымен ойлану бүгінгі күннің талабына жатпайды. Сол үшін өз бетімен оқып, ақпаратты сіңіре алу керек.



3. Өз-өзін басқара білу

Студенттердің басым бөлігі «бәрің білгім келеді» деген сөзді жақсы көреді. Сол себепті, әркімнің сөзіне еріп кетеді. Қоғамның қозғаушы күші де осы студенттер. Бәріне сақтықпен қараған дұрыс. Өз-өзіңізге жауап беру – үлкен іс.

4. Топ болып жұмыс істеу

Жоғары оқу орнында студент көппен бірге жұмыс жасап үйренуі керек. Көпшілік ортада өз ойын еркін жеткізіп, таныта алуы тиіс. Көптің бірі болу қазіргі студенттерге жат. Бірі өнерімен, бірі білімімен, бірі спорттық қабілетімен, бірі басқару ерекшелігімен ортада ерекшеленіп тұруы қажет. Көптің тамшыдан құралатынын ұмытпаған абзал. ЖОО – аспан, ал студент – жұлдыз. Бәрі жанып тұрса, аспан әдемі болары сөзсіз.



5. Әртүрлі адамдармен сөйлесу

Бір топта бірнеше мінез, бірнеше келбет, бірнеше дауыс бар. Олар бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Олардың бәрімен тіл табысу – зор өнер. Жарайды, топ – ол өз

Міне, арманыңыз орындалып, мектептегі «сеннен» арылып, мәртебелі «сіз» атағына ие болдыңыз. Себебі, сіз – есейдіңіз. Сіз – студентсіз.

Енді сізді қоршаған орта да, өзіңіз де өзіңізге өзгеше көзқараспен қарай бастайсыз. Сіз үлкен өмірге алғашқы қадамыңызды бастыңыз, алғашқы жетістікке қол жеткіздіңіз: мамандық таңдадыңыз.

Сіздің өміріңізде оң өзгеріс орын алды, жаңа өмір басталды: бұл – студенттік өмір.

Студент – университетке түскен адам ғана емес, оқу орнына иелік ететін үй қожайыны. Өйткені, университет атты екінші үйіңізде болып жатқан бар оқиға сізбен тікелей байланысты: оқу, сауық кеші, өзге де шаралар. Егер «Студенттік өмір қызық емес» деген улы ой сарп өте қалса, оған өзіңіз кінәлі екеніңізді ұмытпаңыз.

ортаң. Ал оқытушылар қауымы ше? Олардың қабағы, сөздері... Олардың тамырын басып сөйлеу, шамадан шықпау, сөйлеу этикасын қалыптастыру оңай іс емес.

6. Ел алдында сөйлеу

ЖОО-да күндердің бір күнінде ел алдында сөйлеуге тура келеді. Ауызша емтихан, семинар тапсыру, дипломдық жұмыс қорғау к е - рек. Тобыңыздағы құрбыңыздың артына тығылу, өсте, жараспайды. Батылдық – сізді алып шығатын серігіңіз.



7. Ұнамайтын жұмыстарды да жасау

Өмірде түрлі жұмыс бар. Оның бәрі бірдей сізге ұнай бермейді. ЖОО қабырғасында сізге ұнамайтын тапсырмалар жүктелуі мүмкін. Аралық бақылауға сіз ұнатпайтын тақырыпты қорғауға берсе, бас тартпай орындап көрген жөн.

8. Мақсат қоя білу

Мақсат қоя білу үлкен жауапкершілікті талап етеді. 24 сағат ішінде оқып та, тамақтанып та, демалып та үлгеру керек. Ал үлгеру үшін жоспар керек. Жоспар дегеніңіз – мақсат. Бір күнге мақсатты дұрыс қоя білген адам өмірде де адаспайды.



9. Ақша үнемдеу жолдары

Қалтаңдағы соңғы тиынды автобус кондукторына санап беріп, басың салбырап үйге келгенде, жуа мен майдан өзге түк қалмаған болса, соны қуырып жеп асқазаныңды алдайсың... Бұл әр ай аяғында бар ақшасын басқара алмайтын студенттің басынан өтетін жайт.

Жоғары білім алып, өз бюджетімізді өзіміз басқарып үйренбесек, санасы таяз балаға ата-ананың байлығы мұра болып жарытпайды. Ақылсыз адам өмірінің соңына дейін жететін дүниені бір күнде желге ұшырып жіберуі мүмкін.

Мемлекеттік грантта оқыған студент жоғарылатылған шәкіртақы алуға тырысуы мүмкін, ақылы бөлімде оқитын студент бос уақытында жұмыс істеуі мүмкін. Бірақ, бәрібір ретімен жұмсай білмесе, ақша судай ағып кете береді. Қолдағы ақшаны қалай үнемдейміз?

Үнемшілдік – сараңдыққа жатпайды. Алғыңыз келген нәрсе сізге аса қажет болған жағдайда ғана шешім шығарыңыз. Көрсекызарлық – студентке ең жарасымсыз іс. Тек пайдасыз шығындардан ғана тежеліңіз, ал өзіңізден ештеңе аямаңыз.



Ақшаңыз көбіне банкомат карточкасында сақталғаны жақсы. Қолма-қол ақша әрдайым қасыңызда жүрсе, қалай жылдам құртып тастағаныңызды білмей қалуыңыз мүмкін. Әрі ұры-қарылардың қақпанына түспейсіз. Карточкаңыз ұрланған не жоғалған жағдайда оны дереу қалпына келтіруге болады.

Студенттік билетіңіз әрдайым жаныңызда болса, үлкен қалада студенттерге жеңілдік жиі жасалады. Ең қарапайым мысал: кинотеатрға студенттік билетпен шамамен 30 пайыз жеңілдікпен кіресіз.

Көшеден тамақ алмауға тырысыңыз. Оны кім, қалай жасайтынын білмейміз әрі күнделікті көше тамақтарына әуестік – ақшамыздың басты жауы. Үйде балғын да пайдалы тамақ жасауға дағдыланыңыз.

Тым болмаса университет асханасынан тамақтанған – басқаларына қарағанда үнемдірек.

Кішкене суық тигізіп ауырудың өзі қалтаңызға біраз шығын келтіреді.

Дәріге ақша жұмсағыңыз келмесе, мұны да ескере жүріңіз. Пәтер жалдап тұрар болсаңыз, жарық пен суды үнемдеуді, аса асығыс болмасаңыз таксиге жоқ деп, қоғамдық көлік не жаяу жүрісті таңдауды айтпаса да түсінікті болар.

Айдың басында ақша түскен кезде өткен айдағы алғыңыз келген нәрсенің барлығын бірден алып тастамаңыз. Жүріп-тұруыңыздан артылған ақшаны ғана өзге нәрселерге жұмсаған жөн. Аса қысылмасаңыз, ешкімнен қарыз алмауға тырысыңыз. Бойыңыз бір үйреніп кетсе, түскен ақшаны түскендей қарыздарыңызды жабуға жұмсап, қаражатыңыздың берекесі болмайды.

Жұмсаған ақшаңызды жазып жүріңіз. Арнайы блокнот бастасаңыз, қызықты әрі пайдалы іс болмақ. Блокнот үнемі алып жүруге ыңғайсыз болса, шығындарыңызды телефоныңызға жазып отырыңыз, сосын блокнотқа көшіресіз. Алған азық-түлігіңізден бастап, автобусқа мінген, қайыршыға берген тиындарыңызға дейін түгел жазып қойыңыз. Ай сайын шығындарыңызды есептеп, келесі айда артық шығынға ұрынбауыңызға жол ашылады.

-Иә, бұл таңқаларлық жағдай. Сұм ажалмен қарсы келіп, оны жеңу... Бұндай нәтижені күтпедім, - деп жүрегінен мейірім шуағы шашылған абзал жан таңданысын жасырмады. Ақ пейілді ардақтылар қыз жанына жақындап, күлім қаққан бал жүздерімен қал-жағдайын сұрап жатты.

-Ендеше, сіздерді жеке қалдыруға рұқсат етсеңіздер. Сіздердің айтар жан сырларыңыздың көбіне шүбә келтірмеймін.

Бөлме. Ақ мамық төселген көрпе үстінде жан ауырлығын сезінген қыздың жансыз бейнесі мен үнсіздік иесі. Тыныштық.

-Жапырағым, сен жақсысың ғой. Мені түсінерің анық. Білемін, жауапсыз сауалдарың көп-ақ. Бірақ, өткенді келместің кемесіне салып, болашақтың ағысына бірге жүзуге қалай қарайсың? Иә, үнсіздікпен кетті. Жүрегінің саған деген әуенін тыңдатпадым. Алайда, сол күні сенің қаншалықты қымбат екенінді ұқтым. Кешірші, жапырағым. Сен жақсысың ғой.

Тағы үнсіздік. Бұл жолы бақыт үнсіздігі. Аспаннан төгілген бақыт тамшылары. Сөзімнің жұпар иісі. Кездесуден басталған бақыт жолы...

Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА,
Филология факультетінің I курс студенті

Нәзік жүректі қыз махаббатындай ыстық күн нұры жер бетін құшағына салып әлдилеуде... Жан дүниесіне маза бермеген сол ауыр да төтті сезімді қараңғылықтың құрсауына салып, қайта оралмастай терең құзға лақтырды. «Оны ұмыттым, ол жаттық» деп өзін де, өзгені де алдады. Байқамады. Жүрегінің сырын тек тамылжыған түнге айтты. Жүрегінен оның есімін өшірмекке бел байлады. Үнсіздіктің иесін қайта көрді. Иә, ол үнсіздікті өзгелерден ерекше түсінетін. Үнсіздікпен жүрегіндегі алау сезімді әлемге жеткізуге тырысатын. Алайда, оның жан айқайына құлақ салар жан табылмады. Махаббат айдынында табысқан, сезімнің желкенімен өрнектелген кеменің өз ағымдарын өзгертуіне де себепші осы-үнсіздік. Жүрегіндегі дүлей дауылды сезім қыз жанын қайта келіп мазалады. Сүйгенінің жанына келіп: «Неге үнсіздікті таңдадың? «Неге?» деген сан алуан сауалдарына жауап алғысы келді, ыстық құшағына құлай кетіп, серісінің жанында мәңгі қалғысы келді. Жүрегі соны қалады. Алайда, көңіліндегі алау сезімді перденің артына жасырды, аяғы құрсауланды. Жүрек қалауының жанына жақындай алмады. Қатулы жүз, махаббат нұрын шашқан жігіттің қос жанары бүгін басқаша жат. Тағы үнсіздік. Үнсіздіктің иесі қайта келді.

Жапырақ мұң

Үздіксіз қозғалған көліктер, бақыттың бал шағын өз аспанында әуелеткен қанатты достар, періштелердің сыңғыр күлкісі. Бәрі өзінше бақыт өнін шырқауда. Тек қыз жүрегі бұл әуеннен жат. Қалың ой жетегінде ештеңе естір емес. Көз алдында қол ұстасып махаббат өнін шырқаған мекен, сезімнен құралған бұлыңғыр естеліктер. Қыздың пәк жүрегіндегі сезімдей жүйіткіген көлік... Қатты дауыс... Қараңғылық... Жансыз бейне...

Жүрегінің әр симфониясын ақша бұлттарға жазған қолдары, бақытты мекенге бастайтын аяқтары, тіпті сағым естеліктердің қоймасында да өзінше ауырлық сезілді. Қос жанарын ашуға тырысты, алғашында қиынға түсті. Басынан алған жарақаты бар жан дүниесін сыздатып барады. Ештеңені ұғынар емес...

Жарық. Тыныштық. Айналада бұдан өзге қыбырлаған тіршілік атаулы көрінбейді. Есік айқара ашылды. Ақ жүректі абзал жандар ішке көңілді енді:

Студенттік өмір – қиындығы мен қызығы қатар жүретін, адамның есте қалар ерекше кезеңі. Алғашқы кезде үлкен қалада ата-анаңыз өзіңнің оқуың, жаңа ортаға үйренісуің, сабақтың қиындығы, тамағың бірде бар, бірде болмай қалатын кездер қиынға соғатыны анық. Кейін бәріне бейімделіп кеткеннен кейін жаңа достар тауып, қаламен танысып, қызықтар басталады. Студенттік өмірдегі қызыққа толы күндерді ауыз толтырып айтатын болсақ, жүздеген парақ беттеріне сыймасы анық. Ал көшегі мектеп түлектері, бүгінгі университет студенттері студенттік өмір туралы қалай толғанады екен? Бұл туралы төмендегі пікірлерді оқи отырыңыздар.



А.Р.МАКСОТОВА,
Жаратылыстану-география факультетінің І курс студенті

Мектеп бітіргеннен кейін түлектер алдында олардың өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі - оқу орнын таңдау тұр. Өзім гуманитарлық бағыттан гөрі жаратылыстану бағытына жақын болғандықтан болашағымды бірден осы бағытқа арнаймын деп шештім. Жарты жыл бойы мен таныстарымнан университеттер мен мамандықтар туралы сұрастырып жүрдім. Іздене келе, нағыз білімді уақыт сынағынан өткен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ғана білім алуға болатынына сенімді болдым. Бұл мекеме көп жылдық оқу және ғылыми жұмыс тәжірибесіне бай. Сондықтан да мен еш ойланбастан еліміздегі үздік университеттердің қатарындағы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне түсу үшін құжат тапсырдым. Менің таңдауым «Химия-биология» мамандығы бойынша «Жаратылыстану-география» факультетіне тоқтады. Бұл факультетте жаратылыстану ғылымдарын оқыту саласында көп жылдық тәжірибесі бар жоғары кәсіби оқытушылар сабақ береді. Мен бұл мамандықты бұл таңдауыма еш өкінбеймін.



Ғайша Қалымбаева,
Экономика және менеджмент мамандығының І курс студенті

Адамзат баласы қиындығы мен қызығы қатар жүретін мынау дүниеде қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да өміріндегі ең бір ұмытылмас кездер университет қабырғасындағы керемет шақтар. Мен де осы бір керемет кезеңнің табалдырығын аттап, балалық шақпен қоштасып, жаңа бір белеске аяқ бастым. Мамандық таңдауда ұзақ ойланып, сан толғанып, бір шешім қабылдау маған да қиын соқты. Сол мамандықты меңгеріп шығатын университетті таңдау да оңай болған жоқ.

Меніңше, универсиеттің басты жетістіктерінің бірі – кәсіби біліктілігі жоғары профессор-оқытушылар құрамының болуымен қатар, озық педагогикалық технологияларды және заманауи білім беру инфрақұрылымын қолдана отырып, жоғары білікті мамандарды даярлай білуі. Менің таңдауым – батыр бабамыздың есімі берілген Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне түсті. Қазақстандағы білім беру жүйесінің тірегі, 90 жылға жуық тарихы бар елімізде алғашқы ашылған университеттердің бірі. Университет қабырғасында жан – жақты, біліктілігі жоғары, қазақтың керемет ақын-жазушыларының алдын көрген, сол ұлы кісілерден дәріс алған оқытушы-профессорлар, ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, доценттер қызмет атқарады. Елімізде танымал тұлғалар түлеп ұшқан қасиетті қара шаңырақ.

Қорытындылай келе, осындай заңғар университеттің студенті атану әркімге бұйыра бермес бақ деп білемін. Ал енді осы басыма қонған бақты аялау әрі қарайғы менің басты міндетім. Бұл менің университетімді асыра мақтағаным емес, бұның барлығы шынайылықпен, махаббатпен жазылған дүние. Менің осы университетте алған білімім кейінгі болашақтағы орнымды ойып тұрып табуға, биік шыңға жетелейтініне үлкен сеніммен қараймын. Мағжан Жұмабаев айтқандай: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Мен жастарға сенемін!», – демекші, арыстандай айбатты, жолбарыстай

қайратты жастардың отаны – Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті!



Г.Қ.СМАҒҰЛОВА,
Жаратылыстану-география факультетінің 3-курс студенті

Адам өміріндегі ең маңызды таңдаулардың бірі мамандық таңдау сәті екендігі белгілі. Ал өз қалауыңдағы мамандықты меңгеру үшін білім ордасының рөлі орасан.

Менің таңдауым Орал қаласындағы Жайық жағасынан орын тепкен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті болды. Қазіргі таңда Жаратылыстану-география факультетінде «Биология» мамандығының 3-курс студентімін. Тарихи дамуы негізінде білім саласында айшықты орын алып, 6 факультетті біріктірген, жастар таңдауымен жаңа заман талабына сай бағытталған оқу орнына түскеніме ешқашан өкінген емеспін. Білім ордамызда білікті де тәжірибелі оқытушы-профессорлар құрамы жас ұрпаққа сапалы білім беру және мықты кадрлар дайындауда ерен еңбек етуде. Қоры мол гербарий жинағы мен ғылыми кітапхана студенттердің ғылымға деген қызығушылығы мен құштарлығын оята отырып, өз ісінің маманы болуға септігін тигізеді. Студент жастарға арналған «Академиялықтұқырлық» бағдарламасы білікті маман болу негізінде ерекше қадамдардың бірі. «Білсем, көрсем» деген кез келген университетіміздің студентіне қолжетімді және білім ордасында қалыптасқан түрлі ұйымдар, бірлестіктер мен өткізілетін қызықты шаралар жастардың әр күнін пайдалы өткізіп қана қоймай, қоғамдық өмірге араласуына жол салады.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылым, сапалы білім, саналы тәрбие, көңілді орта іздеген арман асуын бағындырар, дарынды да жалынды жастардың басын қосқан орда. БҚУ - бұл уақытпен сыналған сапа!



Жұлдыз Досполаева,
ИЯ-11 тобының студенті

Choosing university is an important and hard decision for everyone, because university is about more than an education. Your university experience gives you the knowledge, skills, confidence and experience to help you make your world better. Whether you're a school leaver or a mature student, university opens up a host of new opportunities and lets you take control of your future. I was considering a variety of universities, each of which had its own advantages and disadvantages. My final choice fell on WKU. WKU is a modern and rapidly developing university located in Europe –Uralsk, of the Republic of Kazakhstan. I had carefully examined all universities, and I came to the conclusion that the university in question is one of the best in the region. Also after looking at the pictures of WKU, I realized that I want to study there. Now I would like to tell you in detail about our University.

The West Kazakhstan university after M.Utemissov is one of the first universities of Republic of Kazakhstan signed the Bolonskiy declaration directed on formation of world educational space. All these achievements testify to the international recognition, about achievement by high school of results directed on improvement of quality of training and positive dynamics of development.

The university is today an institute of economy and management, culture and art institute, faculties: natural-mathematical,

СТУДЕНТ БОЛДЫМ, МІНЕКЕУ

pedagogical, philological, history and law, college, the analytical centre, the centre of information technology, scientific library, the publishing centre and mass-media, test laboratory of ecology and biogeochemistry, educational-linguistic laboratory and other subdivisions of scientific, educational and production directions.

There are qualified teaching staff preparing specialists of a bachelor and master degrees, and the great thing is that postgraduate program will be opened soon. Moreover I was impressed by the background of professors. The ratio of students to professors is also noteworthy. They are professional, patient, helpful and friendly people from all over the world. They make WKU the best university in Central Asia and in Europe. The various classes offered in the faculty of Philology give me the opportunity to “grow” in the academic sense. The knowledge I acquire here helps me win scholarships abroad.

In addition, WKU has lots of student clubs such as philosophical club “Abay”, also student Club “Zhangyru Zholy” and many others. Among the top positive things about studying at WKSU, I would highlight: firstly, stable high rating of the university in the country; secondly, wide international contacts and university recognition abroad and; thirdly, versatile character of activity of the university, allowing in full or in part to satisfy requirements of region for education spheres, economy and managements, culture and arts.

Best university in Kazakhstan indeed. Overall, there is a lot to say about WKU, but why don't you come and explore it yourself? I am sure you will not regret your decision. So apply to this university without any doubt. Bright future and enjoyable time is guaranteed.



Л.Ж.Лесова,
Жаратылыстану-география факультеті «Биология» мамандығының студенті

Адам өмірге келгеннен кейін алғашқы өмір баспалдақтарын артқа тастап, белгілі бір кәсіптің тұтқасын ұстауды арман етеді. «Болашақта кім боламын? Елімнің қандай саласын дамытуға үлес қосамын?» деген сұрақтар әрбір жастың көкейінде жүргені анық. Мен өзімнің өмірімдегі осындай маңызды шешімді қабылдауда ата-анамның кеңесіне құлақ түріп, педагогика мамандығын таңдадым. Қазіргі таңда мен «Биология» мамандығы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде оқимын. Неге мен М.Өтемісов атындағы БҚУ-ды таңдадым?

Біріншіден, бұл жоғарғы оқу орны 1932 жылдан бастап түрлі экономикалық қиыншылықтарға төтеп беріп, бүгінде ең беделді оқу орындарының біріне айналған.

Екіншіден, университеттің материалдық-техникалық базасы заманауи талаптарға сәйкес жасалған. Үшіншіден, ерекше ұнағаны - білім беру жүйесі жоғары деңгейде.

Төртіншіден, университеттің даму механизмі еш үзіліссіз, шетелмен және еліміздегі басқа да жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасатындығы. Бесіншіден, студенттердің кітапханаға, жатақханаларға, асханаларға, спорт орталықтарына және басқа да ресурстарға қолжетімділігі.

Алтыншіден, бітірген түлектерін жұмыспен қамтамасыз етуге ниетті екендігі көңіліме қонымды болды.

Қорытындылай келе айтарым, мен М.Өтемісов атындағы БҚУ-ды таңдағаным еш өкінбеймін. Білімімді осы университетте тереңдетіп, өзімнің болашақ мансабыма қол жеткізіп, еліміздің педагогика саласының қарыштап дамуына өз үлесімді қоссам деймін.



Аяжан Асқар,
студентка группы РЯЛШ-12

Одним из первых важнейших выборов в жизни является выбор профессии. К этому нужно подходить с особой ответственностью, осмысленно. Ведь от этого зависит наша будущая жизнь и дальнейшая

профессиональная деятельность.

Я с младших классов точно знала, кем хочу стать. И с целью воплощения мечты в реальность, искала пути самореализации. К выбору высшего учебного заведения тоже отнеслась серьезно. Я долго анализировала все ВУЗы Казахстана, и мой выбор остановился на известном, передовом учебном заведении нашей области - на ЗКУ им.М.Утемисова.

Чтобы поступить в ЗКУ им.М.Утемисова – вузвысокой планкой, я прилежно училась, стремилась набрать высокий балл на ЕНТ. И вот - я, выпускница Теректинской районной лингвистической гимназии «Үміт», набрала 114 баллов и успешно поступила на филологический факультет. Я искренне благодарна своим учителям, нашей школе за большую помощь и поддержку – за путевку в жизнь.

Сегодня начался новый этап моей жизни, и я уверенно могу сказать, что я сделала правильный выбор. Да, это мой университет. Сбылась моя детская мечта!

ЗКУ замечателен тем, что у университета многолетний опыт работы – всего через 2 года вуз отметит свое 90-летие! Здесь трудились корифеи науки, коллектив университета пережил тяжелые годы войны и вместе со всей страной восстанавливал производство, помогая подготовкой учительских кадров. И сегодня мой Университет продолжает быть флагманом образования, активно участвуя в жизни города и региона. У вуза огромный потенциал, который он успешно реализует в своей многогранной научно-педагогической деятельности. И я горжусь, что являюсь частичкой нашей Alma mater, из стен которого вышли известные в стране люди, ученые и государственные деятели: дважды герой Советского Союза - летчик Леонид Беда, академик Асан Тайманов, Имангали Тасмагамбетов, Бирганим Айтимова и многие другие. На моем факультете преподают сегодня профессионалы своего дела, имеющие огромный опыт в сфере филологических наук. Я очень надеюсь, что мои студенческие годы пройдут интересно и насыщенно, потому что сегодня я учусь в самом лучшем вузе Приуралья, на самом крутом факультете универа!



Айбибі Олжекеева,
ҚТӘ-11 тобының студенті

Арман – адамның жарық жұлдызы, айқың бағдары. Арман болмаса алға басу әсте мүмкін емес. Олай болса, алға ұмтылу – өмірдің басты мақсаты.

Мен 8-сыныптан бері мәнгерлеп оқу сайыстарына қатысатынмын. Көкейімде содан кейін поэзияға деген қызығушылық пайда болып, болашақта тіл маманы болсам дейтін арманым бар болатын. Асқақ арманым үлкен шыңдарға, биік белестерге жетеледі. Мектеп бітірер сәт жетіп, мамандық таңдау кезеңі келіп жатқанда, өзге қатарластарым секілді «Қай мамандықты таңдасам екен?» деп еш ойланғаным жоқ. Себебі, мақсатым айқын болатын. Көңілге қорқыныш ұялатқан Ұлттық Бірыңғай Тестілеу аяқталған соң, таңдауым Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті болды. Сөйтіп, бүгінгі таңда «қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығында оқып жатырмын. Биыл І курс студентімін. 90 жылға жуық тарихы бар бұл іргелі ордада оқығанымға қуанамын. Өлемде болып жатқан пандемияға байланысты онлайн оқу бұйырған екен. Десек те, технология дамыған заманда онлайн жүздесіп топтастарымызбен көрісіп жатырмыз. Алда әлі талай универге барып, оқитын кез келеді ғой!

Бүгінгі күні өз таңдауымнан жаңылмағаным үшін шексіз қуанамын. Мен таңдаған мамандық пен мен қалаған оқу орны көңілімдегі күдікті сейілтті. Отанымыздың қоғамдық өмірі мен ғылымына, жаңа заман талабына сай, жоғары білімді, отансүйгіш, бәсекеге қабілетті мамандар буынын қалыптасырар университет. Білім алу үшін жастарға қажетті жағдайдың бәрі жасалған.

Біздің жарқын болашағымыз білімді де білікті жастардың қолында. Ал менің университетімнің оған тигізер пайдасы орасан зор.

Ақынның мәңгілік мұрасы

Биыл Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, КСРО және Қазақстанның Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, 1979-1984 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы болған Жұбан Молдағалиевтың туғанына 100 жыл толады. Осы айтулы мерекені атап өтуге М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Жаратылыстану-география факультетінің Биология-33 тобының студенттері де өз үлестерін қосты.

Қыркүйек айының 24-ші жұлдызында аталмыш топ студенттерінің қатысуымен жерлес ақын ағамыз Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдық мерейтойын атап өтуге арналған «Ұмытар ма өз елім!» атты онлайн кураторлық сағат өтті. Қашықтан ұйымдастырылған ашық тәрбие сағатын топ кураторы б.ғ.к., доцент А.У.Утаубаева Жұбан ақынның өмірбаянына шолу жасаумен бастады. «Еділ мен Жайық» әнінің сазымен әншінің әдемі орындауы қосарлана жүріп отырған презентация материалдары атақты ақынның қасиетті Жайық өңірінде дүниеге келіп, бұл өмірден озғанға дейінгі ұлағатты өмірінің парақшаларын қамтыды.

Қашықтан оқыту жағдайында білім алып отырған Қазақстанның түкпір-түкпірінде жүрген студенттер өз облыс, қала, ауылдарынан ғаламтор арқылы байланысқа шығып, Жұбан ағаны қалай еске алатындықтарын, ақынның жыр жолдары арқылы бір ғасырлық уақыт өткенімен рухани сырласуда шекара болмайтындықтарын жүрекжарды лебіздері арқылы экран төрінен көрсетіп, жеткізе білді. Кураторлық сағат барысында топ студенті Армат Исмағұлов Орал қаласындағы Жұбан Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық әмбебап - ғылыми кітапханада ұйымдастырылған Жұбан ағаның өмірбаяны, кітаптары, көрмесімен топтастары мен ұстаздарын тікелей бейнетүсірілім арқылы таныстырып, облыс, қала көлемінде ұйымдастырылып, өткізіліп жатқан мәдени шаралардан да хабардар етті. Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Шымкент облыстарының әртүрлі мекен-жайларында отырған топ студенттері студенттік төл қалалары - Оралды, Жұбан ағаның атымен аталатын, зиялы қауымның сүйікті кітапханасындағы аты әлемге әйгілі ақиық ақын Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдығына арналып ұйымдастырылған ақынның кітаптары



көрмесін виртуальды жағдайда тамашалады. Армат та өз кезегінде көрмені тамашалаудағы өзінің алған әсерімен топтастарымен бөлісті.

Жұбан Молдағалиев - әртүрлі тақырыпта қалам сермеген ақын. О дүниелік болған сүйікті анасы Зеріпке арнап шығарған «Түсімде көрдім, анажан» атты өлеңін топ студенті Хабиболла Аяулым оқыды. Топ студенті Диана Нуримова «Жайығың тыныстайды жырларыңмен.....» атты ақынның шығармашылығына шолу жасады. Топ көшбасшысы Диана Нурумованың ақынның «Жағаңда тұрмын, Жайығым» өлеңін мәнерлеп оқуы тыңдаушылар бойында отансүйгіштік, туған жерге деген махаббат сезімдерін шыңдай түсті. Жұбан ақынның туған жерге арналған өлеңдерінің бірі «Базартөбе» өлеңін топ студенті Сүндетова Гаухар оқыса, Тілекқабылова Айымгүл «Ұлы аманат етейік еркіндікті...» мақсатын ашуда «Мен қазақпын» поэмасына талдау жасады. Топ студенті Иманқазалиева Альмира Жұбан ағаны өлді деуге қимаған жерлес ақын апамыз Ақұштап Бақтыгерееваның «Ерлікті көзбен көрген күн» өлеңінен үзінді оқыса, салтанатты шараны жалғастырған Вахитова Мая жерлес ақынымыз Қадыр Мырза Әлінің «Жұбан ағаның рухымен сырласу» деген өлең жолдарын мәнерлеп оқып берді.

Шара соңында сөз алған жаратылыстану – география факультеті деканының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға оқытушы Ж.С.Кажымуратова өткізілген іс-шараның тәрбиелік құндылығы, шығармашылық деңгейі өте жоғары дәрежеде өткендігін атап өтіп, топ кураторы А.У.Утаубаеваға, топ студенттеріне алғысын білдірді. Жұбан ағаның туған жеріне деген сүйіспеншілігі, адами биік қасиеттерінің жан-дүниенің өзіндік тәрбиелеуде қосар үлесі шексіз екенін айта келе, Жанат Сәңкібайқызы бүгінгі студент, ертеңгі ұстаз жас

Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдығына орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 24 қыркүйек күні М.Өтемісов атындағы БҚУ «Жаратылыстану-география» факультетінің химия мамандығы ХБ-23 және Х/англ-3 топ студенттерінің қатысуымен кураторлық сағат өткізілді.

ЖАЛЫН, ЖАРКЫА ШАШКАН – ЖҰБАН АҚЫН

Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, ерлік дәстүрі, туған жер мен елі, байлығы, тарихи құндылықтары жайлы асқақтата көркемдеп жырлай білген, өз өлкеміздің топырағына аунап өскен талантты ақын – кейінгі ұрпаққа мол жәдігер шығармаларын қалдыра білді.

«Жұртшылық үшін маңыздысы да ақынның жеке басының күйкі-шүйкі жайттары емес. Оның азаматтық тұлғасы, қоғамдық сыр-сипаты ғой. Өлең қай әдіспен жазылса да, оның әр өлеңінен сол өлеңнің эстетикалық, көркемдік талғамынан, идеялық мұратынан танылып отыруы тиіс», - дейтін ұшқыр ойлы қаламгер өз сөзінде. Осынау әдебиет сахнасында айшықты орын ала білген ардақты тұлғаға арналған кураторлық сағат мақсатына сәйкес, қоғамдық сананы жаңғырту негізінде, ақынның өмірі мен шығармашылығын меңгерту, жеке тұлғасын таныту, студент жастардың Жұбан Молдағалиев шығармашылығына қызығушылықтарын оятуға бағытталды. Аталмыш шара барысында қаламгердің өмірбаянынан сыр шертіліп, шығармалары талқыланып, ақын жайында презентация және бейнероликтер көрсетілді.

«Мен – қазақпын. Өз халқымды мақтан етемін. Маған оның көп қатпарлы тарихы қымбат, ал оның бүгінгі күні одан да қымбат» деп өткен Жұбан Молдағалиевтің ғасырлық тойы басталды. Оның елге, әсіресе жас ұрпаққа берер ғибраты мол екендігі анық.

О.Ж. ЕРОШЕВ,
Топ кураторы

буынның университетімізде білім алумен қатар, рухани дамыған тұлға болып қалыптасуында Батыс өңіріндегі қара шаңырақ, әлемге аты әйгілі Батыс Қазақстан университетінің профессор-оқытушы ұжымының да еңбектері зор екенін атап өтті.

А.У.УТАУБАЕВА,
М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті

Әдеби жазу дағдыларын дамыту

Осындай атаумен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұйымдастыруымен онлайн-тренинг өтті. Тренингті айтыскер ақын, 7-ші Алтын домбыра, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Мәдениет саласының үздігі, М.Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған профессоры Жансая Мусина өткізді.

Онлайн-тренингте алғашқы болып университетіміздің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Түймеш Малбағарқызы сөз алып, студенттерге: - Жаңа оқу жылы табысты болсын. Көп ұзамай бір-бірімізбен қауышып, осындай пайдалы, дүниетанымыңды кеңейтіп, ой-өрісінді дамытатын тренингтерді аудиторияда өткізу бақыты бұйырсын, - деген ақжарма тілегін жеткізді. Одан әрі ұстаз Жансая Мусина ақынның әдеби жазу шеберлігі дағдыларын игерту, сөздермен жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастыру, жас ақындардың көркемдік және практикалық деңгейін арттыру, қатысушылардың креативті ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамыту, мәтінді сауатты құрастыру бағытында тренингін жүргізді. Алғашқы бөлімде қара қылды қақ жарған ақындар өз жадынан шығарған өлеңдерін оқып, қатысушылар бір-бірімен танысып алды. Кейін студенттерге ой ұшқырлығын, тапқырлығын, логикалық ойлау қабілеттерін тексеру мақсатында 4 сөз беріліп, студенттер сол сөздер арқылы 1 шумақ өлең жазды. Сондай-ақ. афоризм құрастыру, қайымдасу сынды қызықты тапсырмалар беріліп, студенттер тренингке белсене қатысты. Қас-қағым сөтте өлең де, афоризм де құрастырып, ойлау қабілеттерінің жоғары екендіктерін көрсетті.

Тренинг соңында Филология факультетінің ұстаздары Айдарбек Ақболатов пен Индира Султаниязова



ӘДЕБИ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

ОНЛАЙН ТРЕНИНГ
15.09.2020
САҒ: 15.00

Тренинг тренері – Мусина Жансая Ғалымжанқызы
Айтыскер ақын, 7-ші Алтын домбыра,
«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.
Мәдениет саласының үздігі,
М.Өтемісов атындағы БҚУ
қауымдастырылған профессоры

ЗООМ платформасы
арқылы өтеді.
Семинардың идентификатор
номері: 968 887 7780
Пароль: 123456



студенттердің аяқ алысына баға беріп, аталмыш тренингтің жоғары дәрежеде өткенін айтса, студенттер де өз кезегінде ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, пайдалы болғанын жеткізді.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

21-29 қыркүйек күндері Қазақстан Республикасының тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен факультет студенттері арасында «Ер қанаты – ат» тақырыбында сырттай эссе байқауы ұйымдастырылды. Шараның мақсаты - ұлттық болмысымыздың мәйегі, атадан балаға мирас болған атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығының ерекшеліктерін саралау, жастар арасында ұлттық құндылықтарымызды жандандыру, ат спортына деген қызығушылықтарын ояту.

Байқауға факультетіміздің 1-3 курс студенттері қатысып, өз жұмыстарын ұсынды. Эссе жұмыстарына қойылған талаптар мен бағалау критерийлеріне сай келген жұмыстар қазылар алқасының тарапынан қолдау тауып, жоғары бағаланды. Қазылар алқасы байқауға түскен әр жұмысты саралай отырып, студенттердің ой-өрісін кеңдігі, сөз саптау ерекшеліктерінің жоғары екендігін атап өтті.

Байқау қорытындысы бойынша:

I орын - Усманова Айдана, истр-31 тобының студенті;

II орын - Мейірбекқызы Бекзада, мен-21 тобының студенті; Джайылганова Айман, ист-11 тобының студенті;

III орын - Ителгиева Мариям, рег-21 тобының студенті; Липнау Кристина, мо-12 тобының студенті иеленді.

Байқауға қатысып, ой ұшқырлығымен, сөз саптауымен ерекшеленген студенттер Алғыс хаттармен марапатталды. Олардың қатарында Максимов Заманбек (ист-21), Болатова Ақмарал (т-21), Мартасова Наргиз (юр-13), Тажигулова Ботагөз (истр-11), Дәулетше Дильназ (ист-11), Бисенова Камшат (мо-11), Ораш Гүлфия (юр-11), Нұғманова Дана (юр-13) бар. А.Б.Ихсанова, ҚР тарихы кафедрасының оқытушысы, магистр

Поэзияның миссиясы - жүректі жұмсарту

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Филология факультетінің 3-курс студенті Нұртілеу Қадырқұлов – болашағынан зор үміт күттіретін жас ақын. Қазірдің өзінде талай сайыста топ жарып жүрген ол былтыр ғана Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай арнайы ұйымдастырылған «Мен жастарға сенемін!» атты республикалық жастар форумының «Поэзия» жанры бойынша жеңімпазы атанып, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 1 жыл тегін оқу грантын жеңіп алған болатын. Поэзия әлемінде қанатын кеңге жайған Нұртілеу ақынмен жақында сұхбаттасудың сәті түсті.

– Қазақ үшін кіндік кескен жердің жөні бөлек, орны дара. Нұртілеу туған жері туралы қалай толғанады?

- Әрине. Әрбір адам баласы үшін туған жердің топырағы ыстық. Топырағы дейтінім – мен топырақ басып өскен ұлмын. Қараөзен аталатын өзеннің жағасында Мәстексай деген ауыл бар. Жазық өлке. Сол жерде тудым. Өстім. Мектепке бардым. Алғаш өлеңімді жаздым. Таулар биіктіктің символы болса, жазықты еркіндікке балар едім. Менің бала кездегі армандарымның елесі осы ауылымның даласын әлі де кезіп жүр. Өлсін-әлсін еске орала береді. Өзімнің “Қасиет” деген өлеңімде туған жерді Тәңірдің алақанына теңеп жазыппын. Демек, мен үшін қашанда қастерлі ұғым.

Алайда, осы тұста белгілі жазушы, драматург, журналист Дидар Амантайдың “Ауыл ғана емес, қала да халқымыздың алтын бесігі деген қағиданы бойымызға сіңіруіміз қажет. Ауыл баласы қаланы құбыжық көрмеуі тиіс” - деген пікірін қоса кеткім келеді. Толықтай келісемін. Туған жер ұғымын кеңінен қолданған жөн. Мәстексай ауылы да, Жаңақала ауданы да, Орал шәрі де – туған жерім!

– Ақындардың ақыны – Абай туралы сұрамасақ айып болар. Сіздің ұғымыңыздағы Абай туралы білсек деп едік...

-Бұл сұраққа қазақтың бас ақынына арналған өлеңім жауап берсе деймін:

(Абай рухына)

Санаңнан төгіп түнекке арай,
Жұттың ба уды, зарды мың?
Сыйғыза бердің жүрекке қалай,
Жаратылғанның барлығын?

Жыр аңсап бассам жорыққа қадам,
Жол – тұнық мұра, сөз – үлгі.
Таба алмадың ба толыққан адам?
...Таппадым әлі өзімді.

Ғазал-қобызын тартады далам,
Азынап жатыр, азынап.
Тәңірге өкпе артады адам,
Тағдырын өзі жазып ап.

Адамзат демі үніңнен аңқып,
Алаңдап дерттің асқынды.
Ұлтың - мұңың да, жүгің де – халқың,
...Жүрек көзіне жас тұнды.

Арпалыстардың мәні қайда, егер,
ақыр соңында таланса ар?
Бойлған пенде – таңырқай берер,

Ашылмай кеткен ғаламшар!

-Өлең өлкесіндегі ұстанымыңыз қандай?

-Ешқандай мораль айтпау һәм оқырман деңгейіне түспеу. Керісінше шығармашылық адамы көпшілікті өз деңгейіне көтеру керек. Ақыл-нақыл іздеген адам жыраулар поэзиясын оқысын. Ал, жалпы поэзияның миссиясы – жүректі жұмсарту.

– Ақыннан махаббат туралы жыр сұрамау күнө-дағы?..

Өлдеқашан жабылған есігіңді,
Қайта барып қақсам да – кешірімді.
Өлеңдерден бейуақыт бейнеңді іздеп,
Бөлме шамын жақсам да – кешірімді.

Сағынғанның кінәсіз ісі мүлде,
Іңір дерті - іңкәр мұң ісінуде.
Түн жадына сақтаппын, жыр жанына,
Түсінуге болады, түсінуге...

– Ай-хай, ақын әлемі романтикадан жаралған емес пе? Шайыр атаулы жастықтың жанартауы іспетті ғой!

-Әрине, ақын – сезімнің серігі, жүректің досы, табиғаттың табынушысы. Және қай заманда да поэзия асқан білімді талап етеді. Білімсіз, танымсыз, ғылымсыз ешқандай шығармашылық болмайтыны, болса, дамымайтыны белгілі.

– Қайран жастық, көкірекке шуақ болып құйылып, ақын біткенге ерекше шабыт беретін...

-Қандай іс істесе де, жастықтың отымен жасау керек қой. Жастық шақта бәрі жарасымды – қателесу де, асқақтау да, еліктеу де. Тек сөнуге болмайды. Нағыз жазар шағымыз – осы кез деп ойлаймын. 20 жастамын (жымиды).

– Оқырмандардың көкірегіне сұлулықтың сырын ұғындыратын жыр жолдары ғой. Тыңдағымыз келіп тұрғаны...

Күллі ғалам көркемдігі көз-айнаңнан
көрінді !
Көрдім,
сосын, жаным ұшып шексіздіктен әрі астым.
Көңілімді құбылттың да, түстей қылдың өңімді,
Түс пен өңнің арасында сандырақтап
адастым...

Адасқанда жалғыз саған жол сілтейді Жел ескен.



Бар білері Сені сомдау сұлу көктем кешінің.
Жиі-жиі күлім қаққан бейнең келді елестеп,
Өлсін-әлсін әуезді үн боп жетті есімің.

Есіміңді күбірлеп ем,
Ай назданып, гүл жауды.
Сен жайында ойланып ем, сәуле тілді түнекті.
...Доғарсам ба жас сезімнің болашағын болжауды,
Жоғалсам ба жолыңа төсеп тастап Жүректі !

– Ақын өлеңінің өміршеңдігі ата-баба дәстүрін қаншалықты қадірлейтінімен де өлшенеді емес пе?

-Адам жанын түсінген, яғни психологияны жақсы меңгерген, ғылымнан да хабары бар, тек ұлттық емес, адамзаттық деңгейде ойлана алған ақынның өлеңі өлмейді. Ал, дәстүр – ұлттың жүрегі. Қазіргі заманда ұстанбаса да, қадірлеу керек. Мәнін ұғу шарт. Білу міндет. Әлемдік деңгейде әр халық “өзінікін” көрсетуге талпынады. Бірақ барлық “халықтардың жылағаны ұқсайды”.

– Өмірдегі пендеге тән ахуалдың барлығы ақынға да тиесілі ғой. Мынау жалған дүниеде құлазитын кездеріңіз бола ма?

-“Мұңсыз адам – дымсыз адам” - дейді Қадыр. Құлазитын да, қуанатын да сәттер болады ғой пендеде. Дәл қазір Ерлан Жүністің “...Жүректің қанын қотарып іштім, Көтеріп іштім көз жасын...” деп келетін жолдары есіме оралып отыр. Неге екенін...

– Енді сұхбат соңында Нұртілеу ақыннан бір тілек қалсын.

-Әлемдегі жағдай тез оңалып кетсін! Әр жүректен адалдық пен адамдықтың иісі аңқып тұрсын! Істеріңіз берекелі болғай!

- Уақыт тауып сұхбаттасқаныңызға рахмет!

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Достық даңғылы. Жалғыздыққа өз сырын ақтара, мына әлемге күдік пен үмітпен қараған ой жетегіндегі қарт. Ауыр күрсініс. Жақсылықтан күдер үзбеген қос жанардың шерін тас жүректі заман ұғынар емес. Мәңгілік жұмақ сапарға аттану үшін өмір аялдамасында өз серігін тағатсыздана күтуде. Бұл даңғылда талай тағдыр тоғысып, талай тағдыр қоштасқан...

Шашының әр өрімін жібек жел тамсанғандай аймалап, иығынан төгілге өскен бұрымы қосылмас қос тағдыр іспетті, ескіліктердің елесінен айырыла алмай, енді қайта құламас үшін әр қадамын аңдап, ақырын жүріспен шулы даңғылдың үніне құлақ түрмей, өз санасына шырмалып, маза бермеген сан сауалмен арпалысып, үнсіздікті жанына серік етіп, жүзін күн нұры ерекше әдемілікпен өзгешеленіп ару көше бойында келеді. Айнала толған жүйіткіген көліктер. Қыз бейнесіне ерекше мүсін берген қызыл түсті көйлек... Бағдаршам... Қызыл түс...

Жылдамдықтың жан-күйлерін бір сәтке тоқтата алатын дүлей күш жүректегі алапат сезімді тоқтата алмасы өкінішті. «Білемісіз, осы даңғылмен үнемі бақыт құшағында тербеліп, адам ойына сыймас түрлі әңгімелер айтып, қиялмен қанаттанып көк аспанда еркін қалықтаушы едік. Тәтті иіс. Бақытты қос жанның махаббатының иісі. «Сезім» бөлішінің дәл осылай өзіне құмартуы үшін қоспасын шатастырмай,

Қызыл көйлек

дәл мөлшерде қосу керек. Сонда ғана қарасаң көзің тоятын, тіл үйірер бәліш дайын болады. Ал, біздің сезім бөлішіміз ойлағандай болмады. Өзгелерден өзгеше дәм береміз деп, бар тәттісін жоғалтып алғандаймыз».

Қыз көңіліне көптен маза бермей, тұсау болған осындай мағынасыз ойлар еді. Қаншама рет «ұмыттым» десе де, «ұнатпадым» десе де жүрек үні өзгеше сайрайтын. Сағыну - бақытсыз шақтың бақытты әуені.

Қойын дәптер... Талай шақтың бал естеліктерінің жиынтығы. Бағына бақыт әуенін шырқаған сол жанның әр берген сыйлығын, естеліктерін осында сақтаған. Нәзік қолдарымен жанары жасқа толып, алғашқы беттерін парақтай ашып, қайта жапты. Өткенге оралғысы келмеді. Енді бәрі басқаша болмақ. Бірақ, қалай? Сезім шырмауынан қалай босамақ?

Шуағын шашқан күн көзін қара бұлттар торлай бастады. Қыз жүрегіндегі дүлей күш табиғатпен байланысқандай, жаңбыр тамшылары қыз денесіне тие бастады. Жаңбырдың әр тамшысын кезінде жанының саясына балаған. Бірақ,

қазір ол да жат. Тым суық.

- Жаурадың ғой. Ауырып қалсаң саған кім қарайды, ақымақ.

Қолшатыр астындағы қызыл көйлекті ару.Таныс иіс. Ауыр азаптың, тәтті сезімнің иесі қайта оралды. Жанына келіп, жаурай тонған қыздың суық денесін өзінің ыстық махаббат құшағына бөледі. Үнсіздіктің бақыт әуенінде біраз тұрды.

- Сағындым ғой, жарығым. Қаттты сағындым.

Аспаннан жауған әр тамшы енді қыздың қос жанарынан байқала бастады. Тілі күрмеліп, не айтарын білмеді. Жүрегі орнынан қозғалып, аузына келгендей күй кешті.

Өміріне үлкен төңкеріс әкелген осы күнді қарт ерекше көңілмен еске алды. Өзінің сол кездегі шешіміне бұл күнде өкінбейді, қайта бақыт әуенін қайта шырқағанына қуанды. Махаббатының иісіне толған биік ғимараттың есігі ашылып, сезім бөлішін қолына ұстаған жадыраған күлкісімен қарт жанына сол күндегі қызыл түсті көйлектегі ару жақындай берді. «Кәрілік» жүздерін шартып, жүдетсе де, көңілі мен жүрек үні дәл сол күндегідей жап-жас... Мәңгілік жұмақ бақыт мекеніне аттана берді. Жол. Сезім иісі. Достық даңғылы...Енді кімнің махаббат әуенін естір екен?..

Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА,
Филология факультетінің 3-курс студенті



Баубек Бүзүкшөв атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынұлы

Журналист

(Journalist)



№5 (30), қыркүйек, 2020 жыл

оралған қарымды қаламгер ел рухын көтеруге, жаңа өмірге талпындыруға көркем сөз күшін жұмсады. Жұбан ақын қазақ әдебиетінде өзгелерден ерекше шығармашылық ерлік жасауымен дараланды. Ол кеңестік дәуірдің өзінде-ақ «Мен – қазақпын» деп ұлтының еңсесін еселей көтеруге, бойын тіктеуге үндеді. Ел Тәуелсіздігіне ұмтылған қазақ жастарына азаматтық асқақ үнмен қорған бола білген де – Жұбан ақын. Жұбан ақынды асқақтату арқылы ұлтымыздың рухын көтеріп, мәртебесін биіктете түсеміз. Жұбан жырлары жас ұрпақтың ар-намысын асқақтатып, ұлт ұлы болудың, халыққа қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетеді. Бұл энциклопедия – елдігіміздің, ақынға шексіз құрметіміздің белгісі. Осы құнды еңбекті баспаға дайындаған редакция алқасына зор алғысымызды білдіреміз», - деп түйіндеді.

Бас редакция алқасы құрамына Ақбай Жайсаң

«ЖҰБАН» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ - ЕЛДІГІМІЗДІҢ, АҚЫНҒА ШЕКСІЗ ҚҰРМЕТІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ

Жалпы энциклопедия (грекше *enkyklopaideia* – білім өрісі) анықтамалық бағытта шығарылатын ғылыми басылым делінеді. Бүгінде энциклопедия термині сонау алғашқы қолданыстағы тұстан бері маңыз-мәні жағынан сан тарау өзгерістерге ұшырағаны даусыз. Мәселен, антикалық қоғамда энциклопедия атауы жеті еркін өнерді (*грамматика, риторика, диалектика, немесе логика, геометрия, арифметика, музыка және астрономия*) белгілеп көрсету үшін қолданылған. Ал XVI ғасырда Батыс Еуропада бұл термин «әр алуан мазмұнды жинақ» сипатына жақын ұғымда қолданыла бастаған. XVIII ғасырда энциклопедия білімді топтастыру тұрғысында түйінделді. Одан бері бұл терминнің маңыз-мәні біртіндеп ұлғая келе, қазіргі кең таралған мағынамен толысты. Яғни, энциклопедияны бүгінде барша ғылым саласынан анық мағұлмат беретін және іс жүзінде қолданылатын (*әмбебап энциклопедия*)

басылым. Осы саптан табылар «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясы Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласындағы «Полиграфсервис» баспасынан тұңғыш рет басылым көрді. Көлемі – 608 бет. Бұған қоса 16 бет түрлі түсті фотосурет қоса берілген. Таралымы – 450 дана. Энциклопедия көрнекті қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің таланатты өкілі, ірі эпик, рухты ақын, ҚР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халқы жазушысы, публицист Жұбан Молдағалиевқа арналған. Энциклопедияға ақынның шығармашылығы, өмірбаян деректері, қайраткерлік қызметі, әдеби және публицистикалық мұралары жөнінде материалдар енгізілген. Сондай-ақ ақын туралы жазылған еңбектер мен олардың авторлары жөнінде де мәліметтер ұсынылған. Алғаш рет жарық көріп отырған тұлғалық энциклопедия ұлт тарихындағы көрнекті қарымды

Досболатұлы (*идея авторы*), Жақанов Илья Жақанұлы, Хаймұлдин Ғазиз Усағалиұлы, Қасқабасов Сейіт Асқарұлы, Есдәулет Ұлықбек Оразбайұлы, Бақтыгереева Ақұштап, Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы, Медетбек Темірхан, Раушанов Есенғали Әбдіжапарұлы, Құлкенов Мереке, Жүсіп Қадыр Өтегенұлы, Қамзабекұлы Дихан, Батыр Болат, Сейтақ Ғайсағали, Тілешов Ербол Ердембекұлы, Аймұхамбетова Жанат Әскербекқызы, Жұмағұлов Сағымбай Ботпайұлы, Айтмұхамбетов Қалияр Шадиярұлы, Дүйсентегі Сайран Темірғалиұлы сынды тұлғалар енгізілді. Жоба жетекшісі – Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы. Құрастырушылары – Ө.С.Мұханбетқалиев, Т.Өліпқали, Ү.Елеубайқызы,



немесе қайсыбір жеке ғылым саласындағы (*салалық энциклопедия*) ғылыми басылым тұрғысында таниды. Ал энциклопедия құрылымы жүйелі түрде жасалып, атап айтқанда, ғылым саласы бойынша іріктеп алынған материалдар алфавит тәртібімен орналастырылады. Тарихи даму сатыларын қысқа қайырсақ, энциклопедия сипатты еңбектер ең алғаш қытай жазбаларында (*б.з.д. XII-X ғ.ғ.*) пайда болған. Б.з.д. 2-мыңжылдықтың 2-жартысында Ежелгі Египетте сөздік жасалғаны мәлім. Ежелгі Грекияда Демокрит пен Аристотель еңбектері энциклопедиялық сипатта жазылған. Ежелгі Римде шыққан алғашқы энциклопедияның бірі – Марк Теренцийдің «Ғылымдар» туындысы. Орта ғасырларда Әбу Насыр әл-Фарабидің араб тілінде жазылған «Ғылымдар тізбегі», Ибн Синаның «Донишнома» («Білім кітабы») энциклопедиялық трактаты жарық көрген. Осылай жалғаса береді. Қысқасы, энциклопедия өзірлеу тарихи қызғылықты мәліметтерге толы. Ал Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін 1997 жылдан бастап тарихи жаңа сипатты 10 томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясын алғаш шығара бастады. Оның орыс тіліндегі 5 томдық қысқаша нұсқасы 2004-2006 жылдары басылым көрген.

Бұл бағыттағы мәліметтерді сүзгіден өткізе келе айтарымыз, энциклопедия – белгілі бір білім, ілім өрісін молынан қамтыр анықтамалық бағыттағы сан алуан мәлімет-деректер жинақтала өріле ұсынылған ғылыми

қаламгерді, айтулы ақынның өмірі мен қызметі және шығармашылығымен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

«Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Батыс Қазақстан облысының әкімі Есқалиев Ғали Нәжімеденұлының тікелей қолдауымен жарық көрді. Облыс әкімі энциклопедияға арнап жазған «Ақ Жайықтың ардағы» атты алғы сөзінде: «Ақ Жайықтың киелі топырағында дүние есігін ашып, қыран құстай қияға самғап, алты Алаштың Жұбанына айналған ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Жұбан Молдағалиевтың 100 жылдығы қарсаңында жарық көрген тұңғыш энциклопедия өз оқырмандарына жол тартты. Бұл – біздің батысқазақстандықтар үшін зор мақтаныш. Қолға тиген басылымда Жұбан ақынның ерлік пен азаматтыққа, өршіл рухқа, перзенттік парызға, туған халқына шексіз сүйіспеншілікке толы өмір жолы мен әдеби мұрасы жинақталып, тұлға туралы жазылған замандастарының, әдебиет зерттеушілерінің еңбектері туралы деректер топтастырылды. Ел басына күн туған Ұлы Отан соғысының азабы мен тозағынан тайсалмаған Жұбан қаруымен қоса қаламын қолынан тастамай, жауынгерлерді жігерлендіріп, рухтандыра білді. Соғыстың алдыңғы шебіндегі майдангерлер туралы очерктер мен өлеңдер жазып, олардың әдеби портреттерін сомдады. Қан майданнан елге аман-есен

Т.Жазықбай, Б.Ө.Жексенғалиев, И.С.Сұлтаниязова, А.А. Ақболатов, М.Қ.Әжіғалиев, М.Т.Татеновалар.

Қазақ елінің қалың жұртшылығына сәтімен жол тартқан біртуар қазақ ақынына арналған энциклопедияның кіріспе сөзі Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Ұлықбек Есдәулеттің «Қазақтың қыран ақыны», Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Жүсіп Қадыр Өтегенұлының «Жұбан ақынның майдан жырлары», педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Қыдыршаев, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Зейнолла Мүтиев, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Әскен Мұханбетқалиевтердің авторлық бірлестіктегі «Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген» (Жұбан ақынның бас туындысы «Мен – қазақпын» дастаны туралы) атты мақалаларымен ашылған.

Қысқасы, «Жұбан» энциклопедиясының тұсауы кесілді. Қадірменді оқырман қауымға жол тартты. Қабыл алғайсыз, қымбатты оқырман! Қазақтың Абай сынды данасы айтпай ма: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» деп. Ендеше, елдігіміздің, Жұбан ақынға шексіз құрметіміздің белгісіндей су жаңа басылымға ақ жол тіпелік!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі



«Рухани жаңғыру» институтының студенттерге арналған беті, №8(19), қыркүйек, 2020 жыл

Жолдауға қолдау

Рухани жаңғыру – ұлт жаңғыруы

Қазақ елінде жер-жаһанға орасан зор қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес әлі де жалғасып жатқан тұста Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы күллі қалың жұртшылыққа теңдесіз рухани қолдау тұрғысында танылды. Қазіргідей күрделі жағдайда алдымызда тұрған басты міндет ретінде Президентіміз әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтап қалуды басты нысана тұтады. Көріп отырғанымыздай, пандемия барлық мемлекеттер үшін де сынақ кезеңіне айналуда. Күллі дүние жүзі індетпен күрес жолында адам айтқысыз сан тарау қиындықтарды бастан өткеруде. Ел басына төнген осы қара бұлтты сөйілтуге орай Үкіметіміз де пандемиямен күрес жөнінде кешенді бағдарлама әзірлеуде. Мемлекет тарапынан әлеуметтік саладағы және экономиканы қолдауға бағытталған барлық міндеттемелер орындалмақ. Бұл мақсатқа Ұлттық қордан 1 триллион теңге бөлінбек. Демек, ел қамы алғашқы кезекте көзделмек.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы өз тұсында білімді болуға оқу, бай болуға кәсіп, күшті болуға бірлік керектігін баса айтып, осы керектердің жолында жұмыс істеу қажеттігін жазған-ды. Алаш ұлы Аханның осы ойлы тұжырымына салмақ сала отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты кезекті Қазақстан халқына Жолдауында қазіргі таңдағы аса өзекті елдік мәселелерді тереңнен суыра, таңдайды қуыра азаматтық уытта айта білді. Мемлекет басшысы жаңа жағдайдағы Қазақстанның іс-қимыл сатыларын нақтылы тарқата баяндады. Президентіміз баяндаған іс-қимыл жоспарында мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі; жаңа жағдайдағы экономикалық даму; теңгерімді аумақтық даму; азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатының басты басымдығы; қолжетімді әрі сапалы білім; денсаулық сақтау саласын дамыту; экология және биологиялық өркелкілікті қорғау; әділетті мемлекеттің азаматтардың мүддесін қорғауы; цифрландырудың барлық реформаның негізгі элементі болуы; азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысуы; ұлттың жаңа болмысы мәселелері қамтылды. Әрине, елімізді жаңа жағдайда дамытудың іс-қимыл жоспарына енген тұстардың қай-қайсысы да елдік, жерлік күрделі мәселелер екені даусыз.

Президент мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісінде, ең алдымен, мемлекеттік басқаруға, кадр саясатына, шешім қабылдау жүйесіне және оларды орындау жауапкершілігіне көзқарасты өзгертуден бастауды жөн көреді. Реформалар жөніндегі жоғары президенттік кеңес құрылып, бұл кеңестің шешімдері түпкілікті болмақ. Мемлекет басшысы барша азаматқа түсінікті, қысқа әрі нұсқа ұлттық жобалар форматына көшуді, бұл тұрғыда негізгі мақсат – жұмыстың барысы емес, нәтижесі болуы қажеттілігін орынды қозғайды. Осы тұста Ел Президенті: «Еңбекақысы аз мемлекеттік қызметтің қоғам үшін пайдасынан зияны көп. Бұл мәселеге жете назар аудармау кері кетуге, біліктілік және бастамашылдықтан айырылуға, сондай-ақ, ең сорақысы, жемқорлыққа әкеп соқтырады... Бізге жаңа кадрлар, яғни, кәсіби білікті, озық ойлы және бастамашыл мамандар аса қажет. Мемлекеттік қызмет қол жетпейтін жабық кастаға айналмауға тиіс», - дей келе, - «Алмағайып дүниеде жедел шешім қабылдай алмау ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруі мүмкін», -деп пайымдайды.

Мемлекет басшысы азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатына басымдық бере келе, ел тұрғындарының зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мәселесі пысықталғанын, 2021 жылы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының 700 мың салымшысы өз жинағының

бір бөлігін тұрғын үй алуға, емделуге жұмсай алатынын немесе басқарушы компаниялардың иелігіне беретінін айтады. Отбасылық-демографиялық ахуалға зор алаңдаушылық білдіріп, Үкіметке 2021 жылдан бастап «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырды. Экстракорпоральды ұрықтандыру бағдарламалары бойынша бөлінетін квота санын 7 мыңға дейін, яғни, 7 есе көбейту қажеттігін ұсынды. Бүгінгі қоғам еңбек құндылықтарына көзқарасты өзгертуі керектігін қадап айта келе, жас буынға еңбекті бағалауды, оны абыройлы, абыройлы емес деп бөлмеуді үйретудің ауадай қажеттілігін баса айтуы құптарлық.

Президент денсаулық сақтау саласын дамытуға айырықша маңыз бере отырып, медицина қызметкерлерінің мемлекет назарынан тыс қалғанын растай келе, дәрігер мамандығын материалдық тұрғыдан да нығайта түсу маңыздылығын негіздеп, бюджетті таяудағы нақтылау кезінде екінші жартыжылдықта медицина қызметкерлерін ынталандыратын қосымша төлем үшін 150 миллиард теңге бөлуді тапсырды. Сондай-ақ, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесі шешілсе де, отандық фармацевтика саласын аяғынан тұрғызу керектігін, күллі негізгі дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдар Қазақстанда өндірілуі тиістілігін, бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесінің нақ өзі екендігін айтуы жұртшылықты қуантады. ҚР Президенті: «Жыл соңына дейін еліміздің аймақтарында 13 жаңа жұпалы аурулар ауруханасы салынады. Ал 2025 жылға қарай денсаулық сақтау саласына арналған 20 заманауи көпсалалы нысан пайдалануға беріледі. Бұл – осы мақсатқа орай 1,5 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылады деген сөз... Пандемияға орай эпидемиолог, инфекционист, реаниматолог, пульмонолог, кардиолог сияқты сирек мамандық иеленетін дәрігерлерді даярлау мәселесі өткір қойылып отыр... Ұлттық денсаулық сақтау саласын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар барлық медицина мекемелерін қажетті құрал-жабдықтармен толық жарақтандыруға, науқастарға арналған орындар қорын 50 пайызға жаңартуға, ескірген инфрақұрылымды ауыстыруға, өмір ұзақтығын болжамды 75 жасқа дейін жеткізуге мүмкіндік береді», - деп түйіндейді.

Ел Президенті экология және биологиялық өркелкілікті қорғау турасында айта келіп, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе екендігіне тоқталды. Бүкіл өркениетті әлем жұртшылығы осы мәселемен айналысуда. Бізге де мұндай жаппай үдерістен шет қалуға болмасы сөзсіз. Президент: «Мектептер мен жоғары оқу орындарында өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беру ісіне жеткілікті назар аудару қажет. Қоғамда экологиялық құндылықтарды орнықтыруға үндейтін «Birge – таза Qazaqstan» экологиялық акциясын жүйелі түрде өткізіп тұрған жөн... Ел ішіндегі экологиялық туризм мәдениетін белсенді дамыту – маңызды міндетіміз... Үкімет азаматтық сектормен бірлесіп, «Жануарларды қорғау туралы» заң жобасын әзірлеу қажет. Жануарларға көзқарас – кез келген мемлекеттік өркениеттілігінің өлшемі. Ал бұл жағынан біздің жағдайымыз мәз емес», - деді.

Мемлекет басшысы Жолдауында тілге тиек болған елдік мәселенің бірі — қолжетімді әрі сапалы білім жайы. Бүгінгі таңда коронавирус індетінің салдарынан дүние жүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшкені мәлім. Даусыз, бұл орайдағы қиындықтар жұмыс тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуді қажет етуде. Турасын айтсақ, білім беруде сапасыздыққа жол берілуі әбден ықтимал. Демек, толыққанды оқу үдерісі үшін

қажетті барлық функциялары сай бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеудің қажеттігі айқын. Президентіміз айтқандай, айқын көзіміздің жеткені-сапалы білім алу үшін әдеттегідей сабаққа қатысып, мұғалімдермен, оқытушылармен оқушы-студенттердің араласуының орны бөлектігі. Сол себептен де санитарлық талаптарды сақтай отырып, білім алудың қалыпты дәстүрлі тәсіліне қайта көшудің тәртібін де шұғыл әзірлемесе болмайды. Біздіңше, бұл – орта мектептер үшін ғана емес, жоғары мектептер үшін де ауадай қажет.

Президент Жолдауында балаларымыздың қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы қажеттілігін айта келіп, ұстаздар жалақысының аздығы, бұл мақсатқа алдағы үш жылда қосымша 1,2 триллион теңге бөлінетіндігі, балалардың мектепке дейінгі жан-жақты даму мәселесін шешу керектігі, 2025 жылға қарай 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100 пайыз

қамтамасыз етуді міндеттеуі орынды. Сондай-ақ, азаматтардың сауаттылығы мен цифрлы біліктілігін арттыру мақсатында Үкіметке Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеуді тапсыруы, бұл құжатта бейресми білім берудің баламалы нұсқаларын көптеп енгізу, өз бетінше оқу нәтижелерін мойындау, кәсіби дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажеттігін айтып, кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттауды жөн санауы бірден-бір тиімді бағыт деп білеміз.

Жолдауда Мемлекет басшысы жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасына да тоқталып, дипломды оңды-солды үлестірумен айналысатын білім мекемелерін жабуды, білім беруді табысты бизнеске айналдырған ықпалды адамдардың қарсылығынан бұл жұмыстың баяу жүріп жатқанын, бұл проблеманы шешу керектігін ашық айтты. Біздіңше, осы сынды елдік мәселелерді көтере білген Президент Жолдауының әрбір тезисті түйіндерінің күллісі халық қолдауына ие болары сөзсіз.

Жолдауда Президент ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруға, тұтас ұлт сапасын арттыруға акцент береді. Дәлірек айтсақ, рухани жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алмақ, кейінгі жаңа ұрпақ алдында биік болмақ. Мемлекет басшысы ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін қазақ қоғамында жаңа қағидаттар мен жаңаша бағдарлар салтанат құруы тиістігін, сіз бен біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз өзгеруі қажеттілігін айрықша атайды. Ал бұл үрдістің толық жүзеге асуы үшін не қажет? Қажеттісі – терең білімділік, ерінбей еңбек етуге бейімділік, кәсіби дағдылы шеберлік, темірдей тәртіп пен жоғары жауапкершілік, ел-жұрттың тағдырын шешер әділеттілік, нағыз қазаққа тән адалдық, ұқыптылық, тиянақтылық. Бәсекеге қабілетті мемлекет, зиялы да зияткер ұлт сонда ғана қалыптаспақ. Президентіміз: «Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру, ұлт сапасын арттыруға ат салысу. Жаңғырған қоғам жат әдеттерден біртіндеп арылуы керек. Ысырапшылдық пен даңғазалық қоғамның да, адамның да абыройын төгеді. Жауапсыздық, неқұрайлылық бүкіл елді қасіретке ұшыратады. Ал боссөзділік пен бөспелік, мақтаншақтық қоғамның дамуын тежейді», - деп шегелей қадай айтты. Абайша айтқанда, «Өңкей жалған мақтанмен, шынның бетін бояйды» болып жүрмейк деп, қоғамымыздағы жаман мерездердің асқынып кетуінен сақтандырады. Айтылған мәселелердің бүгінгі таңдағы өткір өзектілігінде дау жоқ.

Демек, «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың Тәуелсіздік жолындағы сан ғасырлық арман-тілегіне қол жеткізген ұрпағы ретінде баршамызға өз-өзімізді дамытуға күш салуымыз қажет. Себебі замана сынағы сіз бен бізден үздіксіз қарқынды қозғалысты, мықты күш-жігерді, табанды да қажырлы еңбекті талап етуде. Осы жолда тың тәсіл де, жаңаша ойлау да, жалпыұлттық ынтымақ та, өзара бірлесімді қолдау да қажеттігі анық. Олай болса, осы ретте халқымызға тайсалмайтын маңдай, таңғалмайтын таңдай бергей, ұлтымызға елдікті жалау етер жаңа азамат ұрпағын қалыптастыруға негіз болатын жанқиярлық еңбек, таңғажайып саналы тірлік тілелік.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
«Рухани жаңғыру» институтының директоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Тұрар ШАЙХИЕВ,
Даниял ТАНЗЕНОВ,
«Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкерлері

ЖЕТІСТІК!

Жуырда Оралда «Жайықтың қос қыраны» атты республикалық ақындар айтысы өткен болатын.

Басты тақырып - Жұбан Молдағалиевтың 100 жылдығы мен Қадыр Мырза Әлидің 85 жылдығы.



Сайдың тасындай сараланған ақындар Жұбан мен Қадырды жырларына арқау етті.

Қазақстанның Еңбек ері, қазақ кино және театр өнерінің біртуары Асанәлі Әшімов бастаған қазылар алқасының шешімі бойынша айтыстың жүлделі II орынын М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұстазы **ЖАНСАЯ МУСИНА** иемденді. Өріптесімізді құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілейміз!

ИССЛЕДОВАТЕЛЬ И ПЕДАГОГ

Добряев Павел Анатольевич, кандидат философских наук, доцент ЗКУ им. М. Утемисова, начал свою профессиональную карьеру как историк-педагог. Стаж работы в ЗКУ им. М. Утемисова составляет 34 года.

Сегодня исследовательское внимание и научный интерес Павла Анатольевича ориентированы на изучение различных аспектов формирования современной казахстанской гражданской идентичности, а также ее соотношения с региональными, местными и этническими особенностями развития казахстанского общества.

Павла Анатольевича отличают высокая эрудиция, профессионализм, целеустремленность, настойчивость, принципиальность, умение видеть новое и воплощать в жизнь задуманное. Он чутко реагирует на новые тенденции политического и социального развития страны и мирового сообщества и всегда принципиально отстаивает свою позицию. Богатый опыт, обширные знания, замечательные деловые и человеческие качества, уникальный талант организатора, снискали Добряеву П.А. заслуженный авторитет и уважение. Он всегда остается верным своему профессиональному долгу, бережно хранит и развивает лучшие традиции родного университета, являет собой пример гражданственности, исключительного трудолюбия, высокой культуры, настоящего Преподавателя – Учителя-Мастера!


В дни Вашего юбилея позвольте искренне поздравить и пожелать крепкого здоровья, семейного благополучия, успехов в творчестве и науке, новых созидательных успехов в работе на благо университета, во имя его стабильного развития и процветания. Пусть всегда и во всем Вам сопутствует удача!

С уважением и искренними пожеланиями, коллеги по кафедре всемирной истории и социально-политических дисциплин



Улағатты ұстаз - ұлт мерейі

Нағыз ұстаз болу – бақыт әрі абырой. Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, өз мамандығының хас шебері атанған кәсіби ұстаздар жетерлік. Сондай жандардың бірі, биыл мерейлі 50 жасқа толып отырған аға оқытушы, магистр - **Ходжанова Балдай Хамизеқызы**. Балдай Ходжанова 2002 жылдан бері география кафедрасында қызмет етеді. География кафедрасында «Геология және өлкетану» үйірмесінің жетекшісі. Кафедраның тәрбие ісі жөніндегі аға кураторы.



Геология үйірмесіне жетекшілік ететін болғандықтан жылда сәуір айында өтетін студенттер конференциясына студенттері қатысып, жүлделі орындар алады. Осы жылдар аралығында өз міндетін жоғары жауапкершілікпен

атқарып, дәріс және практикалық, лабораториялық сабақтардың өтуін толық үлгілі түрде өткізді. Кафедраның іс-шараларына қатысып, аудиториялық қорын безендіруге өз үлесін қосты. Өз ісінің шебері Б.Х.Ходжанова қазіргі уақытта болашақ география мұғалімдерін «Географияны оқыту әдістемесі», «Жаңартылған білімнің теориясы мен технологиясы» және «Оқу мен оқытудың жаңа тәсілдері», «Жалпы геология» курстарын жоғары әдістемелік негізде құрып, тиянақты білім беруге көмектеседі.

Ұжымда сыйлы, өз қызметіне аса зор жауапкершілікпен, сүйіспеншілікпен қарайтын ұстаз университет, кафедра ішкілік қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Сондай-ақ, студенттердің де сүйікті ұстазына айналған Балдай Ходжанова «Оқытушы – студенттер көздерімен» атты сауалнамада жоғары көрсеткішке ие болды.



Әріптестер мерейі

22 қыркүйек күні Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы «Тіл – тұтастық туы» атты Қазақстан халқының тілдері күні мерекесі аясында тіл жанашырларын марапаттауға арналған мерекелік шара ұйымдастырған болатын.

Осы шарада Филология ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың қауымдастырылған профессоры, тіл жанашыры, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын тойлау мақсатында облыс әкімдігі жанынан құрылған жұмысшы тобының жетекшісі **Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызы**, М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың философия ғылымдарының докторы (PhD), Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының маңызды міндеттерін іске асыру жұмыстарын жүргізу мақсатында белсенділік танытқан **Ақболатов Айдарбек Ахметұлы** Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен Тіл саясаты комитеті төрағасының «Құрмет грамоталарымен» марапатталды. Өріптестерімізді құттықтай отырып, еңбектеріңіз жемісті болсын деп тілек білдіреміз!

Құттықтаймыз!

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Халық жазушысы **Қадыр Мырза Әлидің 85 жылдығына** арналған шарада әлеуметтік желіде жариялаған «Қазақтың Қадыры» атты облыстық жыр мүшәйрасының жеңімпаз-жүлдегерлері марапатталды.

Алдын ала жарияланған бәйге бойынша жіберілген шығармалар қорытындысы бойынша жүлделі III орын **Махамбет Өтемісов атындағы БҚУ-дың I курс студенті Әділ Ахметовке** бұйырды. Құттықтаймыз!

Орал қаласының ақпараттық-талдау және жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтың ұйымдастыруымен **Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдық**



мерейтойына арналған «Мен - қазапмын» онлайн жыр мүшәйрасына қатысып, жүлделі I орын алған факультетіміздің I курс студенті **Әділ Ахметовты** шын жүректен құттықтаймыз! Әділдің әлі талай биік белестерді бағындырарына сенеміз!

«Спорт күні» мерекесіне арналған онлайн жартылай марафонында 5 км қашықтықта 18-39 жас ерекшелігі бойынша жүлделі II орынға ие болған **Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс студенті Ербол Дәулетовты** жеңісімен құттықтаймыз!

Орал қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі, «Үркер» өнер және мәдениетті қолдау орталығы» ЖҚ, БҚО «Батыс» велосипед спорты федерациясы мен Орал қаласының велосипедшілерінің ұйымдастыруымен «Қала күніне» арналған «Әуесқойлар» санатында JAIYK BIKE FEST Кросс-кантри жарысы өткен болатын. Осы жарыста М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті **Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3-курс студенті Бекжан Балғабаев** жүлделі 3-орынды қанжығасына байлады. Өрдайым жеңіс тұғырынан көріне бер, Бекжан!



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 960

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР: Аида ОРАЗОВА, Дария ДЖУМАГАЛИЕВА,

Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА,

Анэля ЖОНЫСОВА, Шұғыла Еңсеп

СПОРТ-ТІЛШІ: НҰРЛЫБЕК НАУРЫЗБАЕВ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ауельбеков көшесі, 98.
Тел.: 8-716-2-25-14-90

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru